

2005

1199к




Ақылбек
Шаяхмет

Әдемі

Ақылбек
Шаяхмет

Әдемі



Балалар
ДЕБИЕТІ

Алматы
2005

*Қазақстан Республикасы Мәдениет,
ақпарат және спорт министрлігінің бағдарламасы
бойынша шығарылып отыр*

АҚЫЛБЕК ШАЯХМЕТ.

Ш 31 Әдемі (өлеңдер, жұмбақтар, жаңылтпаштар, ертегілер, аңыздар). — Алматы: “Балалар әдебиеті” баспасы, 2005 ж. — 144 бет.

ISBN 9965-650-38-1

Ақылбек Шаяхметтің балаларға арналған “Күлімдейді күніміз”, “Гүл мен бидай”, “Біздің бақша”, “Шынар”, “Аяз және Қыдыр” деп аталатын жинақтары “Жалын”, “Балауса”, “Елорда” баспаларынан жарық көріп, кішкентай оқырмандардың ықыласына бөленген болатын. Өлеңдері мектеп оқулықтарына, “Жыл—он сікі ай” жинақтарына енгізілген.

Ақынның бұл кітабына кейінгі жылдары жазған жаңа туындылары қамтылған. Өлеңдердің тілі жатық, бала ұғымына жеңіл, жылдам жатталады.


Кітапта сонымен бірге Наурыз тойына арналған шағын пьесалар мен сценарийлер бар.

Ш 470225020
00 (05) — 05

ББК 84 ҚАЗ 7

ISBN 9965-650-38-1

© Ақылбек Шаяхмет, 2005
© “Балалар әдебиеті”
баспасы, 2005



Бірінші бөлім

ӨЛЕҢДЕР

ӘДЕМІ

Күн сәулесі төгілгені әдемі,
Кемпірқосақ керілгені әдемі,
Көк шалғында асыр салып жүргенде,
Көк көбелек көрінгені әдемі.

Жас шыбықтың бүр ашқаны әдемі,
Алма ағаштың гүл ашқаны әдемі,
Қариялар жол үстінде кездесіп,
Амандықты сұрасқаны әдемі.

Бұлбұл құстың сайрағаны әдемі,
Қозы—лақтың ойнағаны әдемі,
Ақ боз атын ерттеп мініп атамның
Қойды өріске айдағаны әдемі.

Ақ ботаның үлкен көзі әдемі,
Әжеміздің күлген кезі әдемі,
Бәрінен де жасқа толған бөпемнің
Тәй — тәй басып жүрген кезі әдемі.

РАХМЕТ

Сен сыйладың таң нұрын,
Күннің күміс шапағын.
Еркін күнім — тағдырым,
Рахмет саған, Отаным!

Көз жетпейтін алысқа
Жетіп жатыр атағың.
Ұшты қазақ ғарышқа,
Рахмет саған, Отаным!

Жауқазындай құлпырған
Келеді өсіп қатарым.
Жақсылыққа ұмтылған
Рахмет саған, Отаным!

Жүрегімде сен барда
Таусылмайды сапарым.
Түстік түзу, кең жолға,
Рахмет саған, Отаным!

Өзің үшін буғам бел,
Шарықтайды шат өнім.
Рахмет саған, туған ел,
Айналайын, Отаным!

КІМ АРДАҚТЫ?

Ең ақылды —
Дана,
Ең пейілді —
Дала.
Ең қымбатты —
Бала,
Ең ардақты —
Ана.

ЫБЫРАЙ АТА

Ел білетін атағын,
Қоңырауы даланың,
Ескерткіші атаның
Төрінде тұр қаланың.

Тұғыр тасты сүйеді
Күн шуағы арайлы.
Лүп – лүп етіп жүрегі,
Бал – бөбектер қарайды.

Көкіректе көп үміт,
Біз де ойға батамыз.
“Кел, балалар, оқылық!” –
Деп тұрғандай атамыз.

ҰСТАЗ

Ардақты мұғалім,
Сарқылмас бұлағым.
Таусылмас мәңгілік
Сен жайлы жыр – өнім.

Қанатым талмайды,
Қиялым самғайды.
Ақын да, ғалым да
Ұстазсыз болмайды.

Құттықтап бүгін мен,
Мереке күніңмен,
Ойыма нәр алам
Сен берген білімнен.

ӨМІР ӨЗЕГІ

Министр де, академик, ғалым да,
Бәрі шәкірт ұстаздардың алдында.
Ойлан, шәкірт!
Тырыстың ба намысқа?
Ұстазыңның жүрегінде қалдың ба?!
Ұстаз сенің өміріңнің өзегі,
Нағыз ұстаз —
Өнер — білім өзені.
Ұрпақ үшін ағарса да самайы,
Қандай бөгет кездесе де, төзеді.

Ұстаз — ұйтқы,
Алып шығар қорлықтан,
Өнегелі өміріне болдық таң.
Ыбырай мен Ахметтің үлгісі
Жанып тұрған шырақ
болар сондықтан.

МЕКТЕБІМ

Алтын ұям, ақ бесігім, мақтаным,
Сенен асқан құтты мекен таппадым.
Сен арқылы білім деген отаудың
Қасиетті босағасын аттадым.

Жұлдыз болып жарық
құйдың санама,
Жақсылықты ұмытуға бола ма?!
Шәкірттерге бұлағыңнан нәр бердің,
Әз анадай ақ сүт берген балаға.
Әлі есімде үнілгенім картаға,
Сабак айтып тұрған кезім ортада.

Бір балақай отыр ма екен
жыр жазып,
Бір күндері мен отырған партада.
Баспалдағым болып едің өмірде,
Саған деген алғысым көп көңілде.
Арманымды аялаған мектебім,
Қалдың орнап жүрегімнің төрінде.

ЖАҚСЫ КӨРЕМ

Жақсы көрем апамды,
Жақсы көрем папамды,
Олар маған әрдайым,
“Сыйла, — дейді, — атаңды!”

Түзететін қатемді,
Жақсы көрем атамды,
“Сүй, — дейді атам, — жаныңдай
Туып — өскен Отанды!”

САРДАР МЕН САРБАЗ

Қорғансыздың қорғаны,
Ұққан елдің арманын,
Атың мәңгі есімде,
Аманкелді — сардарым.

Жыршылардың сарбазы,
Ақындардың маңғазы,
Омар Шипин атақты,
Аманкелді сарбазы.

Тыңдап оның ақылын,
Қол бастаса батыры,
Көп тілегін жыр қылып
Жырға қосқан ақыны.

ҚҰШТАРЛЫҚ

Қара тасты қақ жарып,
Гүл өсіпті қылтиып.
Қарап тұрдым таң қалып,
Көргенімнен сыр түйіп.

Қысты қуған көктемдей,
Міне, қандай құштарлық?!
Лықсып, сыртқа тепкендей
Бойындағы күш барлық.

Атылмай ма жанартау,
Жер астынан бұлқынып.
Болмасаң тек самарқау,
Сен де өсерсің құлпырып.

ТЫРНАЛАР

Көктем күні көптен күткен
Әкелгендей бір хабар,
Шайдай ашық зеңгір көктем
Тыраулайды тырналар.

Айтындаршы, қайтқан құстар,
Қандай жерден өтіндер?!
Күйге құмар, әнге құштар,
Қандай елге жетіндер?!

Қандай белде, қандай шөлде,
Қандай елде болдыңдар?!
Аялдамай айдын көлге,
Қайда барып қондыңдар?!

— Көрдік үлкен өзендерді,
Асқар таудың шыңын да,

Астық талай кезендерді,
Көрдiк шөлдің құмын да.

Талай елді басып өтiп,
Туған жерге келемiз.
Әнiмiздi шашу етiп,
Өзен, көлiн көреміз.

Көз алдыңнан нуы көшкен,
Көрікті жер көп дейдi.
Бiрақ, бiрi туып – өскен
Мекенiңе жетпейдi.

Көктем күнi көптен күткен
Әкелгендей бiр хабар,
Шайдай ашық зеңгiр көктен
Тыраулайды тырналар.

ДИҚАНДАР ОТАНЫ

Қыр төсiнде қырмызы
Еңбек еткен ұл – қызы.
Кеудесiнде Кәмшаттың
Жарқырайды жұлдызы.

Ер есiмi жаңғырып,
Айтып жүрміз өн қылып.
Батырларын бiздiң ел
Ардақтайды мәңгiлiк.

Дәнмен шығып атағы,
Дала шалқып жатады.
Қостанайдың өлкесi
Тыңгерлердiң Отаны.

ҰЛАНДАР ЖЫРЫ

Туған жерді сүйеміз,
Шымыр болып өсеміз.
Ыстық күнге күйеміз,
Салқын суға түсеміз.

Бір, Екі!
Бұйрықты орында!
Үш, төрт!
Орнында адымда!

Мақсат айқын елім деген,
Бұзылмайды іргеміз.
Адалдықпен, сенімменен
Әрқашанда біргеміз.

Бір, Екі!
Нық болсын қадамың!
Үш, Төрт!
Желбіре жалауым!

ЖЕҢІС ЖАРҚЫЛЫ

Мамырдағы ақ таңды
Көрген халық шаттанды.
Көңілдері жаз болып,
Аққу келіп, қаз қонып,
Үлкен—кіші табысып,
Құлын мен тай жарысып,
Ән әуелеп, шалқып күй,
Көшелерде шалқып би,
Жарқылдары Жеңістің
Жадыратты Жер үстін.

БАТЫР БАБАМ

Келбетіне сүйіндім,
Қаймықпайтын ауырдан,
Төрінде түр үйімнің
Батыр бабам Бауыржан.

Бейбіт күнге аңсатқан
Аман жеткен “дауылдан”,
Дұшпандарын қаусатқан
Батыр бабам Бауыржан.

Шығады ерлер әлі де
Қала менен ауылдан.
Үлгі – өнеге бәріне
Батыр бабам Бауыржан.

ЖЫЛ МЕЗГІЛДЕРІ

Көктем

Көк те, жер де көкпеңбек,
Кетті бұлттар көкке өрлеп.
Аспан Жерге аямай
Бояу – нұрын төккен бе ?

Жаз

Жасыл шалғын, жапырақ,
Жасыл барлық атырап.
Қыздырындық күнге біз
Жағажайда жатып ап.

Күз

Жаз да жылдам өтіпті,
Күн суытып кетіпті.
Кимек болып сандықтан
Алып қойдым етікті.

Қыс

Есік алды сырғанақ,
Боран жатыр қырды орап.
Жауған қарға ақ мысық
Терезеден тұр қарап.

КӨКТЕМДЕ

Ақ қар еріп, жоғалды,
Құстар қайтып оралды.
Ұя жасап өзіміз
Күтіп алдық оларды.

Кішкентаймыз әлі біз,
Бар, алайда, өліміз.
Суды сайға ағыздық
Жыра жасап бөріміз.

ЖАЗДА

Талай қызық бар мұнда,
Тамашаға тоймадық.
Жасыл кілем — шалғында
Аударыспақ ойнадық.
Ойыннан еш жалықпай,
Доп қууға жөнелдік.
Суға сүңгіп балықтай,
Қуанышқа кенелдік.

ҚЫСТА

Көкжиектен басталған,
Дала әппақ мамық бір,
Әппақ ұлпа аспаннан
Жапалақтап жауып тұр.

Наурыз назды болсын,
Көкек сазды болсын.
Мамыр мейірімді болсын,
Маусым мағыналы болсын,
Шілденің шырайы кірсін,
Тамыз тамылжып тұрсын,
Қыркүйек қазына жисын,
Қазан қаспақты болсын,
Қарашада қар көп болсын,
Желтоқсанда жел жоқ болсын!
Елімнің мерейі асып,
Он екі ай елжіреп тұрсын!

ҚЫДЫР АТАНЫҢ БАТАСЫ

Ал, ендеше, халайық!
Тілек тілеп қалайық!
Көтерейік білекті,
Берсін Алла тілекті.
Наурыз тойы құтты болсын,
Дендерің сау, мықты болсын!
Берген батам балдай болсын,
Жаңа жауған қардай болсын!
Уайымдарың жоқ болсын,
Тамақтарың тоқ болсын,
Көйлектерің көк болсын,
Теңгелерің көп болсын.
Әл — Фарабидің миын берсін,
Сүйімбайдың сыйын берсін,
Құрманғазының күйін берсін,
Шоқанның батылдығын берсін,
Абайдың ақындығын берсін,
Әбілқайырдың батырлығын берсін,
Абылай ханның
ақылдылығын берсін.

Орталарың толсын,
Айтқандарым келсін!
Әумин!

ҚАСИЕТ, ҚАСІРЕТ ЖӘНЕ ӨСИЕТ

Атаны сыйлап жүргенің,
Ананың тілін білгенің,
Еңкейіп үйге кіргенің,
Достармен ойнап – күлгенің –

ҚАСИЕТ

Биік болсаң да байқалмау,
Айтатын сөзді айта алмау,
Қайысып белің қайқандау,
Басылып шөлің, жайқалмау –

ҚАСІРЕТ

Теңіздің сүзіп тереңін,
Асылын жиып көненің,
Өмірдің сезіп өзегін,
Дәстүрдің алсаң керегін –

ӨСИЕТ

Буыны бекіп Қасиет,
Келмеске кетіп Қасірет,
Құлаққа жетсе Өсиет,
Бұл Өмір қандай асыл ед ?!

АТТЫҢ ЖАЛЫН ТАРТЫП МІНДІМ

Жас күнімнен құлын бақтым,
Тайға міндім,
тұра шаптым.
Құнан болды,
Қырға шықтым,
Қырдың төсін дуылдаттым.

Дөнен болды,
дөнге барып,
Дүбірлетіп байыз таптым.
Бесті болды,
Белге шықтым,
Белуардан шөпке баттым.
Таусылмады қызықтары
Кең далада шапқан аттың.
Ат жалынан тартып мінген
Енді мен де азаматпын.

ТЕКЕМЕТ

Киіз үйдің төріне
Төселіпті текемет.
Текеметтің өңіне
Түскен өрнек өте көп.
Көрген кісі пайымдар,
Мынау гүлдің сабағы.
Қошқар мүйіз оюлар
Көздің жауын алады.
Ұнап барлық адамға,
Қиялыңды жетелеп,
Жып — жылы боп табанға
Тиеді екен текемет.

СЫРМАҚ

Адал ниет адамның
Қолыменен сырылған.
Сырмақ асыл анамның
Қалған көзі бұрыннан.

Көрсен көзің тоймайды,
Қандай ғажап оюлар ?!
Жанарыңды арбайды
Қызыл — жасыл бояулар.

НАУРЫЗ

Қара тасты жібітіп
Күннің көзі шуақты,
Қыс ызғарын ұмытып,
Қар еріді, су ақты.

Тоты құстай түрленіп,
Келді Наурыз жасанып,
Қысқы соғым сүрленіп,
Қалды қарттар жасарып.

Төтем шелпек пісіріп,
Апам көже қайнатты.
Бос тұруға қысылып,
Бөпемді мен ойнаттым.

ӘЖЕМ

Қызын жақсы көреді,
Қозым дейді монтиған.
Алма — кезек өбеді
Қос бетінен томпиған.

Бізге беріп жүзімді,
Өзі тым аз жейді әжем.
“Сүйіп едім қызымды,
Тойып қалдым”, — дейді әжем.

АНАШЫМ

Ақ сүт берген анашым,
Қандай жылы қарасың ?!
Сендей болсын әр адам
Мәпелеген баласын.
Күнім сен, анашым,

Айым сен, анашым,
Өмірдің отындай
Жүректе жанасың.
Тірлік нұрын сен бердің,
Бабам тілін сен бердің.
Сен бөлеген аялап,
Тал — бесікте тербелдім.
Айналайын, ардағым,
Гүлге толсын жан — жағың.
Бақытына баланың
Ғұмырыңды арнадың.

ЖЕТІ МҮШЕЛ

Он үште — отау иесі,
Бірінші мүшел — балалық.
Екінші мүшел — жиырма бес,
Майданға кірер қол алып.
Отыз жеті — үшінші,
Енетін кезі сана нық.
Қырық тоғыз — төртінші,
Білінер бойдан даралық.
Бесінші мүшел — алпыс бір,
Өсиет айтар даналық.
Алтыншы мүшел — жетпіс үш,
Жастығың келмес оралып.
Жетінші мүшел — сексен бес,
Денсаулық қалар тоналып.
Бұдан соң келген мүшелдер
Жатпайды тіпті саналып.

БАУЫР ЕТІМ – БАЛА

“ӘЖЕ ӘЛДИІ”

Бауыр етім – бала,
Мойныма кеп асылар.
Топтан озып дара,
Құшағыма асығар.

Бал татыған бала,
Кіп – кішкентай немере.
Ақылы мол дана,
Қуат берер денеге.

Болашағым – бала,
Тіл үйірген қымызым,
Көзімдегі қара,
Қуанышым, қызығым!

Жұбанышым – бала,
Өмірімнің жалғасы.
Ата – анасы пана,
Тіршіліктің арнасы.

Көздің нұры – бала,
Өмір күйі, жырысың,
Миымдағы сана,
Жұтқан ауа, тынысым.

БІР ҮЙДЕ БЕС БАЛАМЫЗ

Бір үйде бес баламыз,
Күнде сайран саламыз.
Үлкен тілін аламыз,
Сабаққа бір барамыз.

Бір үйде бес баламыз,
Қыл өтпестей арамыз.
Ең кішіміз Шыңғысқа
Біз де қамқор боламыз.

ЖАУЫН

Аспан тағы бүркіп тұр,
Асфальт суға кілкіп тұр.
Жүргіншілер тасада
Қолшатырын сілкіп тұр.
Күз аспаны жылауық,
Жұбансайшы бір ауық.
Күннің көзі ашылып,
Қалсын бәрі қуанып.

КӨЗ, ҚҰЛАҚ ЖӘНЕ ТІЛ

Атам айтты көзіме,
Көреген де қуатты.
Дос деп сана өзіңе
Көз бен тілді, құлақты.
Журнал – жұрттың жанары,
Газет – көптің құлағы.
Ішіндегі жазғаны
Ақыл болып тұрады.

Кітап – тілі дананың,
Көмейден бал төгетін.
Сөз түбіне қарағын,
Көріп қоймай суретін.

Қайда жүрсең, әрқашан
Ойлап жүргін, жаным – ау,
Көз, құлақсыз, тілсіз жан
Соқыр, мылқау, саңырау.

ҰСТА

“Танабұғаның екінші баласы Қошалақтан Тақсопы, одан Жолжақсы, Жолжақсыдан Жантілес туады. Ұста аталатын ру осы. Күні бүгінге дейін атадан балаға мұра болып келе жатқан оның төсі мен балғасын Қарабалық ауданында тұратын Құмаш деген кісі үйінде сақтап отыр. Ал аталған руды “Жантілес аты ұмыт болып, ұста аталып кеткен.”

“Қыпшақ шежіресінен”.

Атадан бұл да олқы емес,
Ұстаның аты Жантілес.
Кәсібін білсек болғаны,
Есімін білу шарт емес.

Ежелден болған киелі,
Ұстаны жұрты сүйеді.
Қамырдай илеп болатты,
Темірден түйін түйеді.

Бастаған сайын көшті алға,
Суалып сулар, ошті арна.
Келеді, бірақ, көнермей,
Серік боп мәңгі төс, балға.

Басса да жылдар екпінін,
Көріктің көріп септігін.
Қылыш пен найза салған төс
Орақты жасар жетті күн.

Айтсақ та ғұмыр қысқа деп,
Өткеннен қалған нұсқа көп.

Мақтанып перзент отырап
Бабамыз біздің ұста деп.

Шығыр ма, әлде күпшек пе,
Қажетің дайын, тырс етпе.
Қайнаған судан суырылып
Шығады бұйым әп — сәтте.

Таңдайын қаққан тұстасы,
Бабында тіпті қышқашы.
Соғатын жырдың семсерін
Болсам — ау сөздің ұстасы.

Біздерде кімнің өші бар ?!
Шөпшектер ертең есі бар,
Атымды айтпай, атамыз
Ақын деп жатса, несі бар ?!

ҰҚСАС СӨЗДЕР, ТҮРЛІ ҰҒЫМДАР

“БАЛА МЕН ДАНАНЫҢ СӨЗ ҚАҒЫСУЫ”

Бала:

Көп ойнадым далада,
Қарным ашып кетті.

Дана:

Қарны ашқан балаға
Жаным ашып кетті.

Бала:

Болса да жұрт наразы,
Аузымды ашып тұрдым мен.

Дана:

Болған кезде ораза,
Ауыз ашып жүрмін мен.

Бала:

Абайсызда сүрініп,
Күрегім ұшып кетті.

Дана:

Қалды ма деп жығылып,
Жүрегім ұшып кетті.

Бала:

Көптен тұрған байлауда
Бұзау кепті жайылып.

Дана:

Осы бір сөз жайлауда
Кетті жұртқа жайылып.

Бала:

Мен өрістен ілезде
Келдім жылқы қайырып.

Дана:

Мен де қойдым сол кезде
Бір — екі әнді қайырып.

САНДАР АУЫЛЫНДА

БІР

Өзім жеке, дарамын,
Таудан биік талабым.
Ауылына сандардың
Көшті бастап барамын.

ЕКІ

Аққудай жұп жазбаймыз,
Қатар ұшқан қаздаймыз.
Бірге туған егіздей
Жұбымызды жазбаймыз.

Жұрт та бөліп жатпайды,
Екі дос деп мақтайды.

ҮШ

“Үш бар жерде күш бар!” — деп,
“Үш” алуға құштар көп.
Дұрыс емес ол да аса,
Жақсы оқушы болмаса.

ТӨРТ

Төрт орындық аяғы,
Төрт құбыла баяғы.
Түн ұйқысын төрт бөлген
Анам құшақ жаяды.

Төрт түлік — ел ырысы,
Төртеу үйдің бұрышы.
Төрт аяғын тең басқан
Төрт амал ғой, дұрысы.

БЕС

Бес саусағым қолдағы,
Бес жұлдыздың тармағы.
Бес асыл зат: Қанағат,
Талап, Рақым, терең ой,
Еңбек — елдің арманы.

АЛТЫ

Ағайынды алты ұлмыз,
Сақтап ата салтын біз,
Мәңгі — бақи ұстаймыз
Татулықтың қалпын біз.
Алтау ала болмайды,
Бірін—бірі қолдайды.

ЖЕТІ

Жеті бірдей өренбіз,
Жеті шумақ өлеңбіз,
Жеті түрлі бояуымыз,
Жеті түрлі әуенбіз.
Мейлі, бізді мақтама,
Бірақ бекер даттама.
Көкте – Жеті қарақшы,
Жеті күн бар аптада.

СЕГІЗ

Сегіз өрім қамшымыз,
Қиянатқа қарсымыз.
Сегіз қырлы, бір сырлы
Жақсы іске жаршымыз.

ТОҒЫЗ

Тоғыз сауыт киініп,
Досқа тоғыз иіліп,
Біз шыққанда сапарға,
Ел қарайды сүйініп.

Тоғыз жолдың торабы
Тоғысқандай болады.
Тоғыз ерді көргенде
Ел көңілі толады.

ОН

Қолдасқанда онымыз,
Бір адамның қолымыз.
Қатар тұрсақ онымыз,
Кетер кеңіп жолымыз.
Жұмыс істеп, тынбаймыз,
Күш – жігерді шындаймыз.

ЖҮЗ

Бірге дәм мен тұзымыз,
Жазылмайды жұбымыз.
Жүріп өтсек жүзіміз,
Жол боп қалар ізіміз.

МЫҢ

Көппен бірдей сырымыз,
Қалың қолдың ұлымыз.
Жапырамыз тауды да,
Жүрер болсақ мыңымыз.

МИЛЛИОН

Жайнап тұрған реңі,
Ел деп соққан жүрегі,
Ел тілегі — бейбіт күн
Миллиондардың тілегі.

СӨЗГЕ СҮЙЕНГЕН САНАМАҚ

БІР дегенім
Б — білім,
І — ілім,
Р — рақым,
Осы болсын сенің
мақсат — мұратың.

ЕКІ дегенім
Е — елдік,
К — кеңдік,
І — ізет де.
Арлы болсаң, солар тұрар күзетке.

ҮШ дегенім
Ү — үйің — күйің,

Ш – шаңырақ,
Ол болмаса, қалар көңіл қаңырап.

ТӨРТ дегенім

Т – талап,
Ө – өнер,
Р – рақат.
Т – Таза жүрсең,
жолай алмас бір апат.

БЕС дегенім

Б – берік,
Е – ерік
С – сағыныш,
Бұл үшеуі түгел болса, толы күш.

АЛТЫ дегенім

А – арман,
Л – лайық,
Т – тыныштық.
Ы – ынтымақпен
жиналады ырыс – құт.

ЖЕТІ дегенім

Ж – жігер,
Е – ерлік,
Т – тәуекел,
І – ілтипатпен
басталған жол кең екен.

СЕГІЗ дегенім

С – сөз
Е – еркіндік,
Г – гүл өскен,
І – ірі болғын,
З – зәулім көкпен теңескен.

ТОҒЫЗ дегенім
Т – теңдік,
О – оқу,
Ғ – ғылым де,
Ы – ырзық болса,
З – заманында бүлінбе!
Шығаратын сені талай белестен,

ОН дегенім
О – Отан,
Н – Намыс емес пе ?!

ОН БЕЛЕС

“ САНАМАҚ ”

Бір біліп,
Екі естіп,
Үш үзіп,
Төрт түзіп,
Бес бөліп,
Алты алып,
Жеті жетіп,
Сегіз сермеп,
Тоғыз толғап,
Он орғып,
Он бірге жеттік.

Он орып,
Тоғыз торып,
Сегіз серік
Алты асып,
Жеті желіп,
Бес басып,

Төрт тасып,
Үш үйіп,
Екі еріп,
Бір берік
Белестен өттік.

Байқоңырда

Он
Тоғыз
Сегіз
Жеті
Алты
Бес
Төрт
Үш
Екі
Бір
Нөл!

Айтылып сан ақырғы,
Кеме көкке атылды.
Алып ұшты ғарышқа
Ғарышкердей батырды.

Бір
Екі
Үш
Төрт
Бес
Алты
Жеті
Сегіз
Тоғыз
Он!
Қайта айналып қонғанша,

Жатыр алда жол қанша?!
Кетті кеме ғайып боп,
Түгел санап болғанша.

ШЫНАР ДЕЙТІН БІР ҚЫЗ БАР

Шынар дейтін бар ағаш,
Шың басында тұрағы.
Шынар дейтін бір қыз бар,
Біздің үйдің шырағы.

ӘЗЕР ТАПТЫМ

Кіріп едім бөлмеге,
Тап болдым зор көрмеге.

Неше түрлі сылдырмақ
Тіл қатады сыңғырлап.
Ақ аю, көк көбелек,
Тағы басқа не керек?!

Тоқпақ жалды арыстан,
Шымшық, торғай, сауысқан.

Бота, козы, құлыншак,
Қара көзді қуыршақ.

Бәрі жатыр шашылып,
Не керек сыр жасырып?!
Көрген кезде бұларды,
Керемет таң қалдым мен.
Арасынан Шынарды
Әзер тауып алдым мен.

БҰЛТТАР

Шынар көкке қарайды,
Көшкен бұлтты санайды.
Арғымақтар неткен көп,
Жайылып жүр көкті өрлеп.

Желкілдеген шудасы,
Анау кімнің бурасы?!

Білу қиын есебін,
Үйдек – түйдек көшеді.

“Арыстандай ала бұлт,
Қабыландай қара бұлт.
Қайда көшіп барасың,
Қайдан тұрақ табасың?!

Үлпілдеген мақта – бұлт,
Айтшы, арманың жоқ па, бұлт?!

Кейде сеңгір таудайсың,
Кейде жауған қардайсың.
Бар өлемді шарлайсың,
Неге тыным алмайсың?!”

Сәл аялдап жолда бұлт,
Жауап берді сонда бұлт:
“Көктің төсін шарлаймын,
Жер бетіне қонбаймын.
Ұшсам да кең ғаламмен,
Қызығамын саған мен.
Өз еркім жоқ өзімде,
Содан жас көп көзімде.
Қалар едім мен ойнап,
Бара жатыр Жел айдап”.

САЗАН

“Ұстап бер, — деп, — сазанды”, —
Алды Шынар мазамды.
Көлге тастап қармақты,
Ұстап алдым табанды.

“Сазан қапқан қармағым
Тамаша!” — деп алдадым.
“Үлкен сазан екен!” — деп,
Ол көрсетті бармағын.

КІМНЕН МҰНЫ ҮЙРЕНДІ?

Сөзге тартсам Шынарды,
Сөйлесетін боп алды.
“Әйәй” дейді жақсыны,
“Кәкәй” дейді жаманды.
Бұл қызықты кім көрді?
“Тәй — тәй!” дейді жүргенді.
“Әуп — әуп!” дейді көтерсем,
Кімнен мұны үйренді?!

АУЫЛДА

Ішек — сілесі қатады,
Шынар біздің бүгін шат.
Қуалап жүр ботаны,
Ұмыт болып қуыршақ.

Ойнақтайды қозы — лақ,
Шапқылайды құлыншақ.
Қонақ болып азырық,
Демін алсын қуыршақ.
Асыр салды далада

Шынар.
Бота.
Құлыншақ.
Тек қайтарда қалаға
Еске түсті қуыршақ.

МҰЗ БЕН ТҰЗ

Көк ала мұз далада,
Шынар аяқ баспады.
Тайып, құлап қала ма?
Апам, бірақ, саспады.
Тауып жылдам айласын,
Тұзды сеуіп тастады.
Енді білді таймасын,
Ал, жасқанба!
Бас, көне!

НЕГЕ ЖЫЛАЙДЫ?

Шынар өксіп жылайды,
Көздің жасын бұлайды.
“Не боп қалды, қарағым!” —
Деп әжесі сұрайды.

Шынар қасып құлағын:
“Кеше қатты құладым.
Ешкім, бірақ, көрмеді, —
Дейді, — соған жыладым”.

КӨЖЕК

Түрі сондай әдемі —
Ақ көжегім бар еді,
Төсегімнің жанында

Сол тұратын әуелі.
Теңтек інім бүлдірді,
Қорқып кетіп, шыңғырды.
Жерге тастап жіберіп,
Бір аяғын сындырды.

“Ойыншықты емдей ме?!” —
Дейді Шынар.
Білмей ме?!
Дәрігерге апарсам,
Қайта салып бермей ме?!

КӨМЕКШІ

Шынардың атама
Көмегі өте көп.
Үшінші қабаттан
Түседі жетелеп.

Жүреді серуендеп,
Екеуі көшеде.
Атамды көрген ел
Деседі: “Нешеде?”
Сексенге келсе де,
Жоқ оның таяғы.
Шынармен жүргенде,
Талмайды аяғы.

БІЛМЕЙДІ

Базардан көкеміз
Әкелді лимонад,
Әкелді мармелад,
Әкелді шоколад.
Ал Шынар олардың

Аттарын білмейді.
“Тәтті су бұл” — дейді,
“Мәмпәси бұл” — дейді.

ШЫМЫР БОП ӨС, ШЫНАР!

“Қыс көзі қырауда
Ойнауға болмайды”, —
Десем де Шынарға,
Тілімді алмайды.

Көнбеске бола ма ?!
Қос қолын сермейді.
“Шығамын далаға,
Шынығам мен”, — дейді.

“Жүр сыртта балалар,
Көзің мен көр, — дейді, —
Қолғабым қолда бар,
Тонбаймын мен!” — дейді.

Ал кеттік далаға,
Шынығар кез шығар.
Қорбимай қалада
Шымыр боп өс, Шынар!

НҮРКӨЖЕК

Терезенің түбінде
Отыр Анар бүгін де.

Бар ойыншық орнында,
Тек айнасы қолында.
Бөлме ішінде бір мезет,
Ойнақтайды Нүркөжек.

Бірде сары, бірде көк,
Күн сәулесі мүлде көп.

Береді деп кім кезек,
Ойнақтайды Нүркөжек.

ИНЕ – ҚАСЫҚ

Шанышқыны Нұрбекке
Әкел десем, бермейді.
Оның атын құр текке,
Дұрыс айтпай жүр дейді.

Шанышқы де, айыр де,
Не десең де көнбейді.
Кездесетін әр үйде
Ине — қасық бұл дейді.

САҒЫЗ

Бекзат мені састырды,
Сағыз тауып бер дейді.
Алдында сан ас тұрды,
Айтқан сөзге көнбейді.

“Келгем кеше көріп мен,
Қайда тықтың сен, — дейді.
Қара сиыр неліктен
Сағыз шайнап тұр ?” — дейді.

ШЫДАМДЫ

Шынашақтай Шынарды
Дейді атасы шыдамды.
Өскен сайын ол өзі
Өнер түрін шығарды.

Күнде ертемен тұрады,
Еденді де жуады.
Шашады деп үй ішін,
Балаларды қуады.

Анасын да сыйлайды,
Ыдыстарды жинайды.
Біткеннен соң жұмысы,
Сыртқа шығып ойнайды.

ҚОНЖЫҚ

Көшеде көрдім мен
Қонжықты қорбиған.
Бет — аузы томпиған,
Қарыны қампиған.
Байқасам, Анаржан
Тон киіп алыпты.
Қонжықтан сондықтан
Айнымай қалыпты.

БІЛІНБЕЙДІ

Әжем оны күнім дейді,
Анар болса күлімдейді.
Апам оны гүлім дейді,
Анар болса уілдейді.
Гүл екені білінбейді,
Күн екені білінбейді.

ЕГЕС

“Мөңкіп кетті ала тай”, —
Деді бірде Жаңатай.
“Тулап жатыр ала тай”, —

Деді оған Қаратай.
“Мөңкіді” деп Жаңатай,
“Тулады” деп Қаратай,
Екі бала таласты,
Келісе алмай тарасты.

Кім қояды нүкте деп,
Дауласатын түк те жоқ.
Түскен сөздер егеске,
Мәні бірдей емес пе ?!

АЙДАБОЛ

Қанша күттік Айдаболды,
Білмейді ешкім, қайда болды ?!
Жұмыс барда ізі де жоқ,
Ас ішерде пайда болды.

РАУШАН

Раушан деп бұл гүлге
Атын қойған бір қызды“.
өстап едім. Тікенін
Саусағыма кіргіздім.

АШЫҚАУЫЗ

Ашықауыз деген кім,
Аузын ашып жүре ме ?!
Аузын ашып жүргенін
Көрген жандар күле ме ?!
Аңқау болсаң шамалы,
Керек емес дәлел де.
Алаңғасар баланы
Айта ма екен ел әлде.

Сөздің сырын білгенмін,
Оған несін сасамын ?!
Аузымды тек күлгенде,
Сөйлегенде ашамын.

ҰЯТ – АЙ!

Біздер батыл баламыз,
Қырдан төмен ағамыз.
Екі – үшеуміз мінсек те,
Көтереді شانамыз.
Кішілерге тимейміз,
Жалқауларды сүймейміз.
Жоғарыға шананы
Кезек – кезек сүйрейміз.

Ел де бізді жақтайды,
Елгезек деп мақтайды.
Ертай, бірақ, ұят – ай,
Сырғанауға батпайды.

ШОРАҒАЙ МЕН ҚЫЛАҒАЙ

Бірін бірі тыңдамай,
Шортанмын деп шорағай,
Шортанмын деп қылағай
Мақтанады.
Бұл қалай ?!
Екеуі де, ғажабы,
Балықтардың мазағы.
Қара суда қоғалы
Көңілдері жоғары.
Ұқсағанмен шортанға,
Шортан болған жоқ әлі.

ЖАҢҒЫРЫҚ

Қиқуласам аң қуып,
Естіледі жаңғырық.
Қайталайды сөзімді
Тау мен тас та жаңғырып.

Көрінбейді көзіме,
Жалғанады сөзіме.
Айқай салсаң, дауысың
Қайтып келер өзіңе.

Қайда барса жаңғырық,
Естігенді таң қылып,
Тұрағы жоқ тоқтайтын,
Жүреді екен қаңғырып.

МАҚТАНШАҚ ТАУ

“Қараңдар!” — деп тұрғанда тау
мақтаньп,
Келе алмастай ешкім оның қасына,
Әлдеқайдан қаңғып келіп ақша бұлт
Үшкір шыңның қонақтады басына.

ОҚЖЕТПЕС

Уа, Оқжетпес!
Мақтанба сен,
Екеумізде бір арман,
Мен баламын.
Ұлылығың арбап көзді түр алдан.
Мына зәулім бәйтеректер
өсіп шыққан шыбықтан,
Таулар болса кішігірім

тастарыңнан құралған.
Ертең мен де ер жетемін,
Атағыңды асырам.
Оқ жетпесе, мен жетемін,
Асам түбі басыңнан.

ҚЫЗЫЛ ҚОҢЫЗ

Қоңыз десе, ғажабы,
Таң қалады әр кісі.
Қоңыздың да болады
Әдемісі, әрлісі.
Титтей қызыл қоңызды
Алақанға қондырдым.
Әжептәуір жол жүрді,
Демеді тек: “болдырдым!”
– Ел қайда көшеді,
Суды қайдан ішеді?! –
Деп сұрадым одан мен,
Мезгіл шаңқай түс еді.

Жауап бере алмады,
Жайды жылдам қанатын,
Жота – белге самғады
Көкем жылқы бағатын.
Қарап тұрсам, расында,
Онысы да жөн екен.
Тас – бұлақтың басында
Ел көшкен жер сол екен.

ЖЕЛАЯҚТАР

Өншең жүйрік кезі кеп,
Тықыршиды сөреде.
Мұндай жерге өзіне
Сенбегендер келе ме?!

Жеңіс болып тілеуі,
Желаяқтар жүгірді.
Сүрінді де біреуі,
Орта жолда жығылды.
Тұрып қайта ұмтылды,
Ол бәйгіден дәмелі.
Таң қалдырып жұртымды,
Қиып өтті мәрені.

ХАНҚАМАУ

Ғажап ойын, шынында,
Шахматты, қалқам — ау,
Ғабит ағаң бұрында
Деген екен: Ханқамау.

Таба алмаса көп пана
Толып жатқан сарбазы,
Бас уәзір тек қана
Маңғаздардың маңғазы.

Таусылғанда шарасы,
Бидің басы қалтылдап.
Атты әскерге қарашы,
Алға шығар жарқылдап.

Білсең жаудың күшін сен,
Тек асықпа, саспашы.
Ханды қолға түсірсең,
Бодан болар басқасы.

ҮЙЛЕСІМ

Біздің Анар қызық — ақ,
Түсінбейміз кейде ісін.
Отырғаны шұқылап
Інісінің жейдесін.

Атасының тонынан
Түсіп қалған түймесін,
Қадаймын деп қолынан
Тастамайды инесін.

Сол атасы тонын да
Кисін, мейлі, кимесін,
Тұрса түйме орнында,
Табады екен үйлесім.

СӨЗДЕН СӨЙЛЕМ ҚҰРА

(ОЙЫН – ӨЛЕН)

Байқа!
Миды сына!
Ойлан!
Толған!
Шыда!
Ұқсас ұйқас тауып,
Сөзден сөйлем құра.
Өнер.
Білім.
Ақыл.
Жұмбақ.
Мәтел.
Нақыл.
Ырыс.
Жұғыс.
Дұрыс.
Қалыс.
Алыс.
Жақын.

Өнер, білім — ырыс,
Ақыл, нақыл — жұғыс,

Жұмбақ, мәтел — дұрыс.

Кітап.

Қағаз.

Қалам.

Адам.

Маман.

Тағам.

Берді.

Көрді.

Ерді.

Маған.

Саған.

Оған.

Маман оған ерді,

Саған адам келді.

Оған тағам берді.

Балға.

Тақтай.

Шеге.

Желкен.

Қайық.

Кеме.

Қақты.

Батты.

Жатты.

Қайда ?

Қашан ?

Неге ?

Балға қашан қақты ?

Тақтай қайда жатты ?

Қайық неге батты ?

Байқа!
Миды сына!
Ойлан!
Толған!
Шыда!
Ұқсас ұйқас тауып,
Сөзден сөйлем құра.

КІМ АЙТА АЛАДЫ?

Ал, ортаға тұрайық,
Ойын – сауық құрайық.
Не он ұлдың есімін,
Не он қыздың есімін,
Жылдам айтып шығайық.

Айгүл, Жанар, Нағима,
Нүргүл, Самал, Бағыла.
Бақыт, Шынар, Зейнегүл,
Оныншысы – Сағира.
Болат, Самат, Бауыржан
Қанат, Манат, Қадыржан,
Ермек, Серік, Аманжол,
Оныншысы – Ғалымжан.

КІСІ ЕСІМДЕРІ

(ІРКЕС – ТІРКЕС)

Айна, Ажар,
Рақым, Мұнар,
Рақыш, Шара,
Алаш, Шынар,
Райхан, Назгүл,
Лаура, Айнұр,
Рахат, Тана,

Адам, Айгүл,
Лена, Асыл,
Лайық, Қосым,
Мира, Айдос,
Салық, Қасым.

БІР ӘРІПТЕН БАСТАЛҒАН ТАҒАМДАР МЕН ЖЕМІСТЕР

Қауын, қарбыз, қарақат,
Қаймақ, құймақ, қуырдақ,
Қымыз, қатық, қымыран,
Қазы, қарта, қызылша,
Құйрық, қарын, құрт, қаспақ.
Шекер, шұбат, шие, шай,
Шабак, шортан, шорағай,
Шыжық, шұжық, шытырлақ,
Жамбас, жалпақ жауырын,
Желке, жеңсік жілікмай.
Жуа, жусай, жая, жал,
Бұрыш, бұршақ, бүлдірген,
Бауыр, бүйрек, бас пен бал,
Інжір, іркіт, ірімшік,
Не керектің бәрі бар.

ТЕЛЕФОН ӘЛІППЕСІ

Телефонда орнатқан
Тоғыз—ақ сан болады.
Сол тоғызы жан—жақтан
Жылдам хабар алады.
Нол — бірді алып көрсеңіз,
Шыққан өрттен қорғайды.
Нол — екіні терсеңіз,
Тәртіп бұзар болмайды.

Нол – *үшті* алсаң, күйінбе,
Жедел жәрдем заулайды.

Нол – *төртті* алсаң, үйінде
Газдың иісі қалмайды.

Телеграф – *нол* – *алты*,
Досқа лебіз арнайды.

Нол – *жетіңіз* шалғайға
Шұғыл сәлем жолдайды,

Төмен түспей еңсеңіз
Болса кімнің керегі,

Нол – *тоғызды* терсеңіз,
Түгел айтып береді.

Сырын білген жөн екен,
Хабарласса кімде – кім,

Атқарады телефон
Тоғыз ұлдың міндетін.

АЙТЫП – АЙТПАЙ НЕ КЕРЕК!?

(КӨНЕ АСПАПТАР МҰРАЖАЙЫНДА)

Айтып – айтпай не керек!?

Кернейлетіп, ұран сап,
Қалың әскер шаңдатқан,
Даңғыра, дабыл, дауылпаз,
Барабан соғып, шың қаққан,
Сыбызғы, сырнай тарттырған,
Жүгін көшке арттырған,
Салтанатты сап құрған,
Баба, неткен мәрт тұлғаң!?

Айтып – айтпай не керек!?

Қоңыраулар сыңғырлап,
Сылдырмақтар шыңылдап,
Тұяқтастар тарсылдап,
Асатаяқ шуылдап,

Су бойында жүргендей,
Жүрегіміз суылдап,
Бақсы ойынын көргендей,
Отырып ек дуылдап.
Айтып – айтпай не керек!?
Қылқобыздар күніреніп,
Шаңқобыздар еміреніп,
Жетіген, шертер шертіліп,
Домбыралар егіліп,
Қандары ойнап, желігіп,
Әуенге жұрт беріліп,
Жан – сарайы көрініп,
Кетті тегіс тебіреніп.

Айтып – айтпай не керек!?
Қазағымның ән – жыры,
Күмбірлеген күйлері,
Тауып айтқан қалжыңы,
Мың бұралған билері,
Еліміздің тағдыры
Болып талай сөйледі,
Бұған куә қашаннан
Көне аспаптар үйдегі.

ОҚИҒА

Зоопаркте Анарға
Қоңыр аю ұнайды.
Қылығына таң қалып,
Қайта – қайта сұрайды.

– Аю неге аунайды,
Сөйлегенде не дейді,
Қыста қалай тонбайды,
Балдан басқа не жейді?

Қызығына тоймайды,
Таусылмайды сауалы.
“Айт!” — деп қыстап қоймайды,
Берілмесе жауабы.

Ауады да тұрады
Осы жаққа аңсары.
Аю сorsa табанын,
Ол сорады саусағын.

“Бармағыңды сорып құр, —
Дедім оған, — “не етесің?”
Аюға ұқсап, соны ұққын,
Қыста ұйқтап кетесің!”

Естіп сөздің жалғанын
Апам айтты:
“Алдайды!”
Анар енді бармағын
Мүлде аузына салмайды.

ҚОЛҚАНАТҚА ЖАРАЙМЫН

Төңірегі достардан
Арылмайды дастархан.
Дейтін әжем: “сый — қонақ
Келген күні бас тартам”.

Десе маған: “шырағым”,
Қонақ сырын ұғамын.
Бастың талай жегенмін
Құйқасы мен құлағын.

Балдай қазы — қартасы,
Сондай дәмді сорпасы.

Сарғалдақтай сап — сары
Сары майдың тортасы.

Жент пен мейіз, бауырсақ,
Самса да бар, сағынсақ.
Қашан барсақ, әжеміз
Отырады барын сап.

Баламын мен шыныққан,
Атқан сайын күліп таң,
Отын жарып, үй жинап,
Су тасимын құдықтан.

Әжеме алғыс арнаймын,
Бекер қонақ болмаймын.
Қолқанатқа жараймын,
Міне, досым, қандаймын?!

СҮР ЕТ

Болса да жаз ортасы,
Бар қазы мен қартасы.
Арнап бізге сақтаған
Әжеміздің арқасы.

Еш дәм етке жетпейді,
Таңдайымнан кетпейді.
Бірақ, қатты сүр етке
Кейде тісім өтпейді.
Көп женті мен талқаны,
Біздер үшін бар қамы.
Атам болса:
“Қызыма”
Соям, — дейді, — марқаны”.

КІШКЕНТАЙ ӘМИНА

Кішкентай Әмина
Туысын тани ма ?!

Елдосты көргенде,
Күледі бір демде.

Көргенде Нұрбекті
Тосады бір бетті.

Әжесі келгенде,
Мәз болып ол мүлде,

Қол соғып, билейді,
Уілдеп сөйлейді.

Шаңырақ ажары,
От басы базары,

Үй ішін жарық қып,
Кетеді қарық қып.

Кішкентай бөбегім,
Айтатын өлеңім.

КЕНШІЛЕР ҚАЛАСЫ

Көшенің арасы гүл.
Көбейткен жанашырын,
Көгерген көсегесі,
Кеншілер қаласы бұл.

Мәңгі жас, арман қала,
Бақыты жанған қала,

Ақ ниет қарияның
Батасын алған қала.

Жастары өнер сүйген,
Үлкенге басын иген,
Жұмысқа белін буып,
Темірден түйін түйген.
Жүретін сағы сынбай,
Жігіттің бағы қандай ?!
Алады көздің жауын
Сарыбай сары алтындай.

КІМ МЫҚТЫ?

Көп халқымның өнерпазы,
Жыр атасы —
Абай атам.
Күй атасы —
Құрманғазы,
Күш атасы —
Қажымұқан.

ТҮГЕЛ СӨЗДІҢ ТҮБІ БІР

Батыр — жердің қорғаны,
Ақын — елдің ардағы.
Мақал — сөздің маржаны,
Ана — бала бағбаны.
Бата — қария тілегі,
Ауыл — ұлттың жүрегі.
Өнер — ердің қанаты,
Білім — өмір тірегі.

ЖЕТІ АТА МЕН ЖЕТІ ҰРПАҚ

Жеті ұрпақты білмейміз
Әлі күнге көбіміз.
Және бізге бимәлім
Біздің ата — тегіміз.
Ең алдымен сөз етем:
Бірінші ата — өз әкем.
Екіншісі — атамыз,
Үшіншісі — арғы ата.
Төртіншісі — бабамыз,
Бесіншісі — түп ата.
Қалай тыныш жатамыз,
Маған да, ата, бер бата!
Алтыншысы — тек ата,
Жетіншісі — ұлы ата.
Жеті ұрпақты сөз етсек,
Қателікті түзетсек,
Бірінші ұрпақ: ол — бала,
Ұрпағыңды қорлама.
Екіншісі — немере,
Үшіншісі — шөбере.
Төртіншісі — шөпшегі“,
Бесіншісі — немене.
Алтыншысы — жүрежат,
Жетіншісі — туажат.
Тұқым солай өседі
Бірін бірі қуалап.
Жеті атаның тілін ал,
Жеті ұрпақты біліп ал!

“ЗАУҚЫМЖОҚ”

Беті сатпақ,
Аяқ батпақ,

“Қолыңды жу!” — десең егер,
Бір сөзі бар алған жаттап:
“Зауқым жоқ!”
Өзі қорқақ,
Үсті салтақ,
Сығырайтып екі көзін,
“Мұрныңды сұрт!” — десе біреу,
Қайталайды әлгі сөзін:
“Зауқым жоқ!”
Оныменен ойнауға да
Зауқымыз жоқ.
Міне, шатақ!
Шын есімін ұмыттық та
“Зауқым жоқ” деп
Кеттік атап.

ҚАҚ

Апам жеміс ектіріп,
Өрік, алма қақтырды.
Баппен тіліп,
Кептіріп,
Дәмі балдай қақ қылды.

Жауды жауын сіркіреп,
Жұрт үйіне шақ кірді.
Күн ашылды.
Кілкілдеп
Жол бойына қақ тұрды.
Үйге кірген қонаққа
Нұсқады апам нақ төрді.
Қарбыз әкеп,
Заматта
Ортасынан қақ бөлді.

КЕЛ, ДОСТАРЫМ, ОЙНАЙЫҚ!

Тұрмай жатыр төсекте,
Сырылдайды қос өкпе.

Ауық – ауық жөтеліп,
Алар басын көтеріп.

Ойнап – ойнап терлепті,
Айтқан сөзге көнбепті.

Келе сала су ішіп,
Жатыр енді бүрісіп.

Ашылмайды қабағы,
Ауырады тамағы.

Айтқан тілді алмайтын,
Сөзге құлақ салмайтын,

Теңтек жатыр төсекте,
Сырылдайды қос өкпе.

Кел, достарым, ойнайық,
Денсаулықты ойлайық...

ДӘРІГЕР

Бара қалсаң алдына,
Боп қалады әбігер.
Баланың да,
Шалдың да
Бабын тапқан дәрігер.

ЖЕБІР ҮЙРЕК

Үйрек көріп қойманы,
Бір тоюды ойлады.

Ойлап қана қоймады,
Аралады қойманы.

Қарын кетті қампиып,
Аяқ кетті талтиып.

Мойны кетті былқылдап,
Жатты жерде ыңқылдап.

Кірген еді тесіктен,
Шыға алмады есіктен.

ҚАЙСЫСЫ ҚАЙДА ӨСЕДІ?

“Қай өсімдік қандай жерде өседі?”
“Бәрін білем!” — деп Суайтбек
бөседі.

“Тары суда,
Құрақ қырда өседі,
Жусан Тыңда,
Бидай құмда өседі.
Қына сазда.
Қияқ таста өседі,
Қамыс шөлде,
Жыңғыл көлде өседі,
Ал батпақта жүзім қаптап өседі” —
Деп Суайтбек ұялмастан бөседі.
Шындығында, қайсы қайда өседі,
Мұның бәрі “мен білемнің” кеселі.
Бидай Тыңда,
Тары қырда өседі,

Құрақ суда,
Жусан құмда өседі,
Жүзім бақта,
Мүк батпақта өседі,
Қына таста,
Қияқ сазда өседі,
Қамыс көлде,
Жыңғыл шөлде өседі,
Соны білмей, тек Суайтбек бөседі.

БҮРКІТ

Биік шыңда тұрағы,
Қалықтайды төбенде.
Көз тастайды қырағы,
Көп қонбайды төменге.

Шарқ ұрады шаңқылдап,
Қос қанаты талмайды.
Күн астында жарқылдап,
Зеңгір көкте самғайды.

КӨГЕРШІН

Адамдардың досы боп,
Хат тасыған көгершін,
Бейбітшілік құсы боп,
Жерді айналып келерсің.

Ел үмітін арқалай,
Самғасаң да қияға,
Сағынышың тарқамай,
Ораласың ұяңа.

АҚҚУ

Кетпес елдің есінен
Құс базары —
Көл осы.
Сұңқылдайды төсінде
Аққу — құстың төресі.
Су бетінде ойнайды,
Еркелейді жұбымен,
Таңырқатпай қоймайды
Келбетімен, үнімен.

БҰЛБҰЛ

Бұлбұл қайда қонса да,
Кетер жайнап бау іші,
Өзі титтей болса да,
Қандай әсем дауысы?!

Күлім қағып күншығыс,
Жерге нұрын шашады.
Сайрағанда жыршы құс
Гүл қауызын ашады.

КЕКІЛІК

Сай — салада тарғыл тас,
Бір бірінен айнымас.

Тастан тасқа секіріп,
Ұшып — қонар кекілік.

ҚАРҒАЛАР

Аппақ қарға қап — қара
Қарға қонса топтала,
Жұғып қалған күйедей
Кіршіксіз ақ мақтаға.

Не бар екен қардан ақ?!
Қарауытты жарқабақ.
Тойғанына мәз болып,
Қарғалар жүр жорғалап.

ЖАРҒАНАТ

Қараңғыда жүреміз
Қолымызбен қармалап.
Саспайтынын білеміз
Ұшса түнде жарғанат.

Болса — дағы бармақтай,
Ұшқан кезде жарғанат,
Қос қанаты жарғақтай,
Содан, бөлкім, қалған ат.

ШАҒАЛА

Көл жанында, жағада
Қалықтайды шағала.
Тың төсінде, далада
Шарықтайды шағала.

Жұртқа сыры жария,
Келмейді ұшып қалаға.
Су да, тың да — дария,
Теңіз құсы — Шағала.

КӨКЕК

“Көкек, көкек, көкек!” – деп,
Ертелі–кеш секектеп,
“Қайсың бар, – деп, – озатын?”,
Қайталайды өз атын.

ҰЛАР

Ұлытауға шықпадым,
Ұлар етін жемедім.
Тауға барып ұққаным,
Білдім құстың дерегін.

Сұлулыққа тамсандым,
Жылда тауға барам мен.
Болады екен тау сәнді
Аң – құсымен, адаммен.

ҚҰСТАР ҚАЙТЫП КЕЛГЕНДЕ

Құстар қайтып келгенде
Үй жасадық бар бала.
Қарлығаштар көктемде
Ұя салды аулаға.

Құрбысымен қолдасып,
Бар жұмысты меңгеріп.
Жалықпастан су тасып,
Әмина жүр жем беріп.

Балапандар жетіліп,
Қанаттары қатайды.
Әминаны енді жұрт
Қамқоршы деп атайды.

БҮРКІТ ЖАСЫ

Біліп алшы, балақан,
Бірде бүркіт балапан.
Екі жаста қан түбіт,
Ұстау қиын алақан.
Үш жасында ол тірнек,
Төрт жасында тастүлек.
Қонып тұрса тұғырда,
Берік ұстар жас білек.
Бес жасында мұзбалақ,
Алты жаста көктүбіт.
Аңшы жүрсе із қарап,
Аң алуға көп үміт.
Қана жеті жасында,
Жана сегіз жасында,
Тоғыз жаста майтүбіт,
Бүркітшінің қасында.
Барқын онға толғанда,
Баршын он бір болғанда.
Құс салмаған жан болса,
Болады екен арманда.

ХАЙУАНАТТАР БАҒЫНДА

Келген жүртқа айбат шегіп алыстан,
Жуан мойнын күжірейтті арыстан

Жүр осында үсті жолақ жолбарыс,
Аю да бар тырнақтары бір қарыс.

Қорқынышты әрі сұсты көрінген
Жылан жатыр қамшы — сынды
өрілген.

Маймыл біткен сайран салса желігіп,
Сусиырлар алыпты әбден семіріп.

Жыршы құстар құйқылжытып сайрайды,
Тотылардың жағы бір сәт талмайды.
Қасқыр жүрсе азу тісі ақсиып,
Бүркіт отыр тұғырында қақшиып.
Отыр қонып ителгі мен лашын да,
Құлан менен бұлан да жүр осында.
Таудай болып көрінетін алып піл
Бар назарын аударғаны —
ай халықтың.

Қандай ғажап?!
Кенгуруға қарашы,
Қалтасына салып апты баласын.

Алуан түрін көріп тағы аңдардың,
Түр — түсіне, қылығына
таң қалдым.

БАЛА МЕН СИЫР

Бала:
Сиыр!
Мүйізін иір,
Маған сүт бер,
Май бер,
Құрт бер!

Сиыр:
Әй, бала!
Бері қара.
Маған шөбіңнен бер,
Шөптің көгінен бер.
Сонда емшегім толады,
Сүт те, май да болады.

НЕ ТӘТТІ?

Бұзау айтты:
— Бәрінен де шөп тәтті.
Құлын айтты:
— Одан сұлы көп тәтті.
Мысық айтты:
— Бәрінен де сүт тәтті.
Күшік айтты:
— Бәрінен де ет тәтті.
— Тары тәтті! —
Деді тұрып Балапан,
— Көмпит тәтті! —
деді құйттай Балақан.

ҚЫМЫЗ

Жазда барсаң жайлауға,
Күнде думан, мереке.
Құлын, бұзау байлауда,
Дастарханда — береке.

Біледі әжем баптауды,
Дайындайды қатырып.
Бал қымызды мақтаулы
Ішеміз біз сапырып.

БАЛҚАЙМАҚТЫ ШАЙҚАЙЫҚ!

Отырмайық аңқайып,
Балқаймақты шайқайық!
Ақ қаймақтан сары май
Шығар ма екен?!
Байқайық!
Қолың қанша талса да,

Шайқа!
Шайқа!
Шаршама!
Көңіліміз тоқ болсын,
Құрт, ірімшік көп болсын.
Дайындалған қарынға
Қыста жейтін май толсын.
Қолың қанша талса да,
Шайқа!
Шайқа!
Шаршама!

КЕСІР ЕСЕК

Семірді де жайлауда,
Есек салды кесірді.
Көнбей тіпті байлауға,
Аяқ асты есірді.

Ерегеске оның да
Жеткенімен батылы,
Не күтіп тұр соңында,
Жетпей қойды ақылы.

Сол есекті өзіміз
Қолымызда өсірдік.
Мінезінен мезіміз,
Қайдан жұққан кесірлік?!

ОТ ПЕН СУ

Дейтін атам “Бәрі дос...”
Түсіндірді маған да.
“Әрі дұшпан, әрі дос,
От пенен су Адамға”.

Су ішіп, шөл қандырсаң,
Досың емей немене?!
Еккенінді су алса,
Қасың емей немене?!

Отты жағып, жылынсаң,
Досың емей немене?!
Егер өртке ұрынсаң,
Қасың емей немене?!

Дейтін атам “Бәрі дос...”
Түсіндірді маған да.
“Әрі дұшпан, әрі дос,
От пенен су Адамға”.

СУ МЕН БУ

Қайнатып ем, бу болды,
Суытып ем, су болды.
Бірде көзге көрініп,
Бірде көзге көрінбей,
Бұл не деген қу болды?!

ҚОҢЫРАУЛЫ САҒАТ

Мазаны әбден алады,
Шырылдайды таң атпай.
Ұйықтап жатқан баланы
Тыншымайды оятпай.

ДҮРДАРАЗ

Дәметкен мен Дәмелі
Бірде тату,
Бірде араз.
Сыртқа шықса әдемі,

Үйлерінде дүрдараз.
Ойнап жүріп, қарашы,
Қалады тез таласып.
Жұмсай қалса анасы,
Отырады санасып.
Қылықтары жасанды,
Керіспеген күндері аз.
Болар екен қашанғы
Бұлар енді дүрдараз?!

ҮЙКҮШІК

Ертай деген баланың
Көрсен егер бөлмесін,
Кеш түспей—ақ жабады
Терезенің пердесін.

Теледидар түбінен
Отырып ап шықпайды.
Кино бітсе, күнімен
Жатып алып ұйықтайды.

Мұндай бала оңбайды,
Көпшілікке аты әйгі.
Ал балалар ондайды
Үйкүшік деп атайды.

КҮМІС КӨЛ

Көл үстіне көк аспан
Төңкеріле жарасқан.
Аспан қайда?
Көл қайда?
Айыра алмай Жарас таң.
Таулар, таулар!

Көп нендей!?
Жағалауға шөккендей.
Көл – көктің бір сынығы,
Жерге түсіп кеткендей.

ТАҢ

Нұрын шашып Шығыстан,
Келе жатыр күміс таң.
Әкем де ерте оянды,
Кешікпейді жұмыстан.

ТҮС

Көлеңкелер жоғалған,
Күн төбеге барғанда,
Жұрт жұмыстан оралған,
Тал түс болып қалған ба?!

КЕШ

Кешке қызық қандай көп?!
Таулар жатыр нардай боп.
Күн де батып барады
Дөп–дөңгелдек шардай боп.

ТҮН

Көк дастархан жайғандай,
Көрікті аспан, ой, қандай?!
Жыпырлайды жұлдыздар
Маржан шашып қойғандай.

ТОЛҒАН АЙ

Қуанбасын ел қалай?!
Сүттей жарық бұл маңай.
Жұлдызды көк төсінде
Шартабақтай толған ай.

ТУҒАН АЙ

Қызығатын бар адам,
Ай сәулесі тараған,
Алтын орақ секілді
Ай туыпты жаңадан.

ДАУЫЛ

Алып біреу ерінбейтін,
Қаққандай — ақ алашаны,
Төңіректкен көрінбей түк,
Көтерілді дала шаңы.

ҚҰЙЫН

Қызық екен құйын деген,
Көз айырмай қара да тұр.
Ұршық — сынды үйірілген
Шаңды иіріп бара жатыр.

ЖАҢБЫР

Үйден шықпау керек енді,
Бірақ, сыртқа елендеймін.
Тырсылдатып тереземді,
Жаңбыр үйге кірем дейді.

БОРАН

Жолды жауып жан ұшыра,
Жармасады желіккен жел,
Қарды қойын — қонышыма
Тығады әкеп еріккен жел.

АЯЗ

Суық ауа тамағыма
Енер болса, кім шыдайды?!
Қырау қатып қабағыма,
Аяз беттен шымшылайды.

НӨСЕР

Аспан түбі тесілген бе?
Құйды нөсер шелектеп бір,
Суды бекер шаша бермей,
Жамап қою керек боп тұр.

СЕҢ

Сатыр — сұтыр сең қозғалды,
Көреді оны халық қызық.
Жағалауда ізі қалды,
Мүз құрсауын жарып — бұзып.

КҮН КҮРКІРІ

Жайбарақат отыр еді
Ел жайлауда бие байлап,
Көкте жылқы кісінеді,
Ауыздығын күрт — күрт шайнап.

КЕМПІРҚОСАҚ

Күн түнеріп,
Сұр бұлт төніп
Қатты нөсер
Құйды келіп
Күміс жіптер секілді бір
Жер бетінде төгілді нұр
Күн күлді де сәуле шашып,
Ашылды аспан шайдай ашық.
Қол ұстасып жеті бояу,
Тау биікке шықты жаяу.
Көк төсінде көпірге ұқсап,
Керілді енді кемпірқосақ.

НАУРЫЗЫМ ҚОРЫҒЫНДА

Наурызымның қорығы,
Құстың құтты орыны.
Әуілдектің жаңғырып
Естіледі зор үні.

Тырна жүрсе жағада,
Шабاق аулап шағала,
Ұшып жатыр қиқулап
Шүрегейлер көк ала.

Айдын төсі жарқылдап,
Үйрек – қаздар қанқылдап,
Жан – жағымнан құс үні
Естіледі сәмпылдап.

Қамыс, қоға сабдырлап,
Бозторғайлар шырылдап,
Көктем ерте келді деп
Бақа жатыр құрылдап.

Көл маңайы, аймағы
Қонған құстың ойнағы.
Бұзылмаған жер осы
Табиғаттың қаймағы.

БОРСЫҚ – ОРМАН БАҒБАНЫ

Наурызымның орманы
Туған өлке қорғаны.
Мекен еткен бұл жерді
Борсық – орман бағбаны.

Майлы болса денесі,
Семіз қылған жер осы.
Оянбайды ұйқыдан
Жазға дейін келесі.

БАЛЫҚ НЕГЕ ҮНДЕМЕЙДІ?

Аң патшасы арыстан
Ашуланса ақырар.
Шықылықтап сауысқан,
Қораз таңда шақырар.

Бота, бұзау, құлынның
Өзіне тәң тілі бар.
Тіпті титтей шыбынның
Ызындаған үні бар.

Қолыңа ұстап көріп пе ең
Сөйлемейді балықтар...
Үндемейді неліктен,
Кім бар оны анықтар?!

Оңашада қалған соң,
Ойлап көрші, ей, досым,

Ұрттап суды алған соң,
Балық қалай сөйлесін?!

ҚАЙЫҚТА

Айнадай мөлдір су бетін сызып,
Қайықпен көлде келемін жүзіп.
Көкпенбек таулар, жап – жасыл
ағаш,
Құмдауыт жаға – бәрі де қызық.

Аңқытып исін қарағай, қайың,
Көңілім сергіп, қалмайды уайым.
Кеудемді керіп дем алам еркін,
Қайығым алға жылжыған сайын.

Шағала шулап бір әнге салып,
Бетінде судың шоршиды балық.
Тамаша қандай табиғат, шіркін,
Қалады бір сәт құмарың қанып.

БОЛДЫҚ БІЗДЕР АЗАМАТ

Жатты біздің аулада
Жол үстінде дәу темір.
Сүйреп тастай алмады
Палуан ағай Жантемір.

Айдын, Айбар, Игілік,
Олжас, Шыңғыс, Сүйіндік,
Барлығымыз жиылдық,
Қас батырдай түйілдік.

Домалаттық тасты да,
Қол қусырып тұрмадық.

Дәу темірдің астына
Сүймен салып ырғадық.

Беріліп біз жұмысқа,
Шаршасақ та, қашпадық.
Жол бойынан алысқа
Домалатып тастадық.

Қойдық орнын тазалап,
Алынған соң дәу темір.
“Болыпсындар азамат!” —
Деді палуан Жантемір.

ЖАҢҒАҚТЫҢ ӘЛЕГІ

Ауылдағы Ардақты
Мына жағдай таңқалтты.
Тісі мықты болған соң,
Шағушы еді жаңғақты.

Шаға — шаға жаңғақты,
Содан көрді зардапты.
Жүруші еді мақтанып,
Бүтін тісі қалмапты.

ӨКІНІШ

Шанамды көтеріп
Шығардым далаға,
Құтжолды әкеліп
Жектім мен шанаға.

Алғанша отырып,
Кетті итім жүгіріп.
Жаттым мен өкініп,
Қалғанға жығылып.

ҚАЗІРБЕК

Әкесі айтты:

“Тезірек
Көмек бер!” — деп өзің кеп.
Болмаса да басқа ісі,
Жауап берді:
“Қазір” — деп.

Анасы айтты:

“Жылдам жет!”
“Ішер асың өзір”, — деп.
Соқпаса да тәбеті.
Жауап берді:
“Қазір” — деп.

“Қазір, қазір, қазір” —деп,
Дайын жауап әзірлеп,
Жүргеннен соң ел оған
Ат қойыпты әзілдеп.

ӨЗІМШІЛ

Қашан көрсең,
Қайда жүрсе,
“Өзім білем!”
“Өзім жеймін!”
“Өзім мінем!”
“Өзім жүрем!”
“Өзім,
өзім,
өзім!” — дейді.

Тәтті кәмпит дорбасында,
Бауырсағы қалтасында,

Ойыншығы арбасында,
Барлығы бар дәл қасында.

Тек ойынның дәмі кеткен,
Жалғыздықтан жалықты ақыр.
Енді, бірақ, бала біткен
Жоламайды оған жақын.

АСАН

“Нешеде жасың ?” — деп сұрасаң,
Жұдырық түйеді бұл Асан.
Мен болсам бестемін.
Ал Асан
Білмейді санауды, сірә, сан.

Көрсетсе бес бірдей бармағын,
Түсінер едім ғой ар жағын.
Өзі айтпай, кейіннен білдім мен
Асанның бес жасқа толғанын.

БАЛЫҚ АУЛАЙ БАРҒАНДА

“Алабұға, ақ балық,
Қармағымды қап, балық!”
Суға үңіліп жағада
Шыңғыс отыр баптанып.

Шабак шоршып ойнайды,
Мазақтай ма, қоймайды.
Елдос соған ыза боп,
Тез ұстауды ойлайды.

Сазан, табан, ақ балық,
Бұл не деген көп балық?!

“Бәрін өзім ұстадым!” —
Дейді Шыңғыс мақтанып.

“Тағы шортан керек пе?” —
Нұрбек кепті көмекке.
Сүйтсем, бәрі балықты
Салыпты бір шелекке.

БАЛКОН

“Балкон деген
биік үйдің ауласы”, —
Деп Ғалымжан бой
бермейді дауласып.
“Балкон деген
төр бөлменің жалғасы”, —
Деп Бауыржан бой
бермейді дауласып.
Мен де оларға өзімше бой бермеймін,
“Балкон деген гүл өсетін жер” —
деймін.

ОНЫҢ АТЫН КІМ ДЕЙМІЗ?

Шалбар жатыр қуыста,
Жейде жатыр бұрышта,
Бас киім мен бөтеңке
Бірге тұрса дұрыс па?
Оның атын кім дейміз?
Салақ бала бұл дейміз!

Олпы—солпы кигені,
Қадамақ боп түймені,
Саусағына байқамай
Шаншып алды инені.

Оның атын кім дейміз?
Олақ бала бұл дейміз!

Бірін түртіп жылатты,
Бірін шалып құлатты. -
Аяқ—қолда тыным жоқ,
Ала құйын сияқты.
Оның атын кім дейміз?
Теңтек бала бұл дейміз!

Атқа қарғып мінбейді,
Суда жүзе білмейді,
Көше жарық болса да,
Жалғыз өзі жүрмейді.
Оның атын кім дейміз?
Қорқақ бала бұл дейміз!

Күнде ұйқысы қанбайды,
Жұмсағанға бармайды.
Теледидар алдында
Экраннан көз алмайды.
Оның атын кім дейміз?
Жалқау бала бұл дейміз!

ТҮРЛІ – ТҮРЛІ БАЛА БАР

Қолына алған бір ісі
Оңбай, жұртқа жақпайтын,
Тамақ ішкен ыдысын
Жумай апта сақтайтын
Балалар да болады.

“Киімінді шеш!” десе,
Қояр орын таппайтын,
Теледидар өшпесе,
Төсегіне жатпайтын
Балалар да болады.

Кемшілікке осындай
Белшесінен батпайтын,
Содырларға қосылмай,
Әлсіздерді жақтайтын
Балалар да болады.

Бос өтпейтін бір күні,
Айтқан сөзге тоқтайтын,
Өнегелі, үлгілі,
Көрші – көлем мақтайтын
Балалар да болады.

Екінші бөлім

жұмбақтар мен жаңылтпаштар

ЖҰМБАҚТАР

Жолықтырған талай біз,
Суретші бар даңқты.
Қағаз, қалам, бояусыз
Ою – өрнек салыпты. *(Аяз)*

Төрт аяқты,
Екі құлақты,
Кеңірдегі темір,
Асы – ағаш, көмір. *(Самаурын)*

Құмдай, қатты,
Өзі тәтті,
Түсі қардай,
Дәмі балдай. *(Қант)*

Мүзға да ұқсайды,
Сондай қап – қатты.

Тұзға да ұқсайды,
Бірақ тәп – тәтті. *(Науат)*

Қатар жүрсе екеуі,
Барар жерге жетеді.
Ал жоғалса сыңары,
Қозғала алмай тұрады. *(Аяқ киім)*

Үйден шықсаң,
болмайды оның керегі,
Қайтып келсең,
үйге хабар береді. *(Есік қоңырауы)*

Жаңбыр, күннен қорғайды,
Тек жылуы болмайды. *(Қол шатыр)*

Бір басында болса да екі құлағы,
Тек біреуі құлақ тосып тұрады.
(Телефон)

Сөйлемес күні жоқ,
Білмейтін тілі жоқ. *(Радио)*

Сымға ілінген мұрты бар,
Ішінде көп жұрты бар.
(Троллейбус)

Өзі темір, ала мойын көрікті
Інім менің темір жолдан көріпті.
(Шлагбаум)

Жұрт таңырқап қарады,
Заулар құрыш жолы бар.
Зулап кетіп барады

Арқыраған “жануар”. (Тепловоз)
Жүргізуші бір кісі,
Жолаушысы мың кісі. (Поезд)

Аяғы бар,
Кісі емес.
Қанаты бар,
Құс емес. (Ұшақ)

Азу тісін қара жерге батырып,
Тұр бір алып топырақты сапырып.
(Экскаватор)

Кішкентай күн үй ішінде
Жарқырайды түн ішінде.
(Электр шамы)

Өзі сөйлей білмейді,
Жүрген ізі сөйлейді. (Қаламсап)
Үлпілдеген қалпағы
Ескен желден қорқады. (Бақбақ)

Гүл секілді,
Құлпырады, көктейді,
Күн секілді
Бірақ нұрын төкпейді. (Күнбағыс)
Түрлі сәуле төгілген
Көпір көкте керілген. (Кемпірқосақ)

Жүгірсең, жүгіріп,
Қалмайды бір елі.
Бүгілсең, бүгіліп,
Ілесіп жүреді. (Көлеңке)

Жоқ тігетін жейдесі,
Жоқ үзілген түймесі.

Жібі де жоқ, алайда,
Толып жатыр инесі. (*Kipni*)

Жылжымалы баспалдақ
Бара жатыр аспандап. (*Эскалатор*)

Жер астынан су шығарып аспанға,
Мәз боламын моншақтарын шаш
қанға. (*Фонтан*)

Жыртылған сайын парағы,
Жұқарып өзі қалады. (*Күнтізбе*)

Сиқыр да жоқ ісінде
Алды иесі жүлдені.
Сақталады ішінде
Барлық көрген — білгені.
Бағалаймыз еңбегін
Түсіруші сабаздың.
Көшіреді көргенін
Ақ бетіне қағаздың. (*Фотоаппарат*)

АЛФАВИТТІК ЖҰМБАҚТАР

Азда бар,
Көпте жоқ.
Сазда бар,
Шөпте жоқ. (*А*)

Итте бар,
Қойда жоқ.
Китте бар,
Тайда жоқ. (*И*)

Тілде бар,
Сөзде жоқ.

Түнде бар,
Күнде жоқ. (Т)

БЕС АТАУ

“Саған жақын бір адам
Үш әріптен тұрады.
Оқысаң да қай жақтан,
Бір сөз болып шығады.

Айтпасам да есімін,
Кез келген жан ұғады.
Тапшы жұмбақ шешімін”, —
Деп жолдасым сұрады.

Қызық болып естіді
Жолдасымның сауалы.
Бұл жұмбақтың бес түрлі
Бар, мен білсем, жауабы.

Кеңіл көкке самғады,
Таптым, таптым!
Алақай!
Жұмбағымды сен — дағы
Шешіп көрші балақай!
(Ата,
ана,
апа,
аға,
іні)

ОЙЛАН, ТАП!

Егер Т — дан бастасаң,
Жер биігі боламын.
Т — ны алып тастасаң,
Балық ұстай аламын. (Тау — Ау)

Егер Қ — дан бастасаң,
Заттың түсі боламын.
Қ — ны алып тастасаң,
Гүлге барып қонамын. (*Қара — Ара*)

ӨЛЕҢ ЕСЕП

Бір топ торғай достасқан
Бір ағашқа қонады.
Бұтақтарға қос — қостан
Орын теуіп болады.
Бұтақтардың біреуі
Сол сәт артық қалады.
Бұған бірақ жоқ еді
Торғайлардың амалы.
Бір бұтаққа бір — бірден
Олар сонда қонады.
Енді мұны кім білген?
Торғай артық қалады.
Айтындаршы, балалар,
Ойлап көріп шамалы,
Бұтақ пенен торғайдың
Саны қанша болады?
(Шешуі:
Төрт торғай, үш бұтақ)

АДАСҚАН ӘРІПТЕР

Қолдан құйған мүсіндей
Қыран құс түр ТАРАНЫП.
Үйде, тордың ішінде
Отыр тоты ҚАРАНЫП.
Қылғып екі — үш шабақты,
ИТ қылыпты қанағат.
Танымай ма қонақты?

КИТ үреді абалап.
“Қалмаймын!” – деп АҚЫРЫП,
Ерке салды кесірді.
Айдалада БАҚЫРЫП,
Есек текке есірді.
Істер болсаң жапырып,
Көз қорқақ та, ЖОЛ батыр
Алыстарға шақырып,
Алда түзу ҚОЛ жатыр.
(Дұрыс оқылуы:
Қаранып – таранып,
Кит – ит,
Бақырып – ақырып
Қол – жол).

АДАСҚАН СӨЗДЕР

1

Көлден тартып ШАЛАПТЫ,
Теріп алдым ЖҮЙРІКТІ.
Шөлдеп іштім ШАБАҚТЫ,
Ерттеп міндім СҮЙРІКТІ.
Табаға сап АРҚАНДЫ,
Сары майға СУЫРДЫМ.
Екі бөліп ШОРТАНДЫ,
Тарқатып, қыл ҚУЫРДЫМ.

Дос болдым да СҮЙМЕНМЕН,
Көзінен жіп өткіздім.
Ойдым мықты ИНЕМЕН
Нақ ортасын көк мұздың.
Қолға кіріп кеткен соң,
Киіп алдым ҚАЙМАҚТЫ,

Сүтгі тартып біткен соң,
Жалап жедім ОЙМАҚТЫ.

2

Қаз – үйрек ШӨЛДЕ ұшады,
Дуадақ КӨЛДЕ ұшады,
Қаршыға ШӨПТЕ ұшады,
Көбелек КӨКТЕ ұшады,
Бозторғай СУДА ұшады,
Шағала ҚЫРДА ұшады,
Кекілік ТАУДА ұшады,
Ұлар құс САЙДА ұшады,
Бал ара ТҮНДЕ ұшады,
Жапалақ ГҮЛДЕ ұшады.

(Дұрыс оқылуы:

*Шабақты – шалапты,
Сүйрікті – жүйрікті,
Шортанды – арқанды,
Қуырдым – суырдым,
Инемен – сүйменмен,
Оймақты – қаймақты,
Көлде – шөлде,
Көкте – шөпте,
Қырда – суда,
Сайда – тауда,
Гүлде – түнде).*

ҰЙҚАСЫН ТАП!

1

Қарсы алғанда Май таңын,
Әнді шырқап.....
Менің барлық достарым
Қосты бүгін.....

Халық деген неткен көп?!
Аспан қандай.....

Әсем әндер шарықтап,
Көгершіндер.....

Соққан сайын жел жібек,
Барады ту.....

Әлем құшақ жайғандай,
Тамаша еді Май.....

Ұйқасы:

*(Айтамын,
бастарын,
көкпеңбек,
қалықтап,
желбіреп,
қандай!)*

2

Ауламызға.....
Суық жерге түсті енді.

Әли ойнап.....
“Әлі тоңғам жоқ”, — дейді.

Берік байлап.....
Жарқабақтан қарғыды.

Шынар киіп.....
Көкше мұзда қалқиды.
Шыңғыс мініп.....
Әне, заулап барады.
(Ұйқасы:

Қыс келді,
Хоккейді,
Шаңғыны,
Конькиді,
Шананы)

ДҰРЫС ОҚЫ

Бақшада қырдағы
Қалмапты алма дым.
Дегенім болмады,
Ештеңе алмадым.

Шықтым да шатырға,
Кептірген қақ алдым.
Салып көр ақылға,
Жеймін деп қақалдым.

Қалма тек шатысып,
Мінуге ат алдым.
Бөйгеге қатысып,
Шабандоз аталдым.

ЖҰМБАҚ ӘРІПТЕР

Зейін қоймай тұрған бала сөзіме,
Бір әріппен сұрақ қояр өзіме.
“А?”

Көп сөз сөйлеп,
ел алдына шықпаймын,
Дос сөзіне бас изеймін,
құптаймын.
“Е!”

Бір ғажайып көрсем болды,
мен соған
Таң қалғаннан таңдай қағып,
тамсанам.
“О!”

Бір әріп бір сөз бола ма?
Білсең; оған жолама!
“У!”

ЖАҢЫЛТПАШТАР

1

Ақтастыда ақ тас көп,
Ақтастыда әк, тас көп.
Апам айтты әпкеме:
“Үйдің ішін ақтас”, – деп.

2

Көк серке
Көп серкемен
Нені іздейді?
Көп серке
Көк серкені
Мүйіздейді.

3

Жаңылсынға
жаңылтпашты көп айттым,
Жаңылтпаштан
жаңылмасын деп айттым,
Жаңылтпашты
жаңылса да тағы айтты,
Жаңылуын бірте – бірте
азайтты.

Үшінші бөлім

Ертегілер мен аңыздар

ГҮЛ МЕН БИДАЙ

Гүл мен Бидай — қос құрбы.
Жұбын жазбай өседі.
Қыл өтпестей дос құрбы:
“Бір болайық!” — деседі.

Бірге шырқап жыр — әнді
Қатар жүрген екеуі,
Топырақта құнарлы
Болған екен мекені.

Жер жылытса тамырын,
Күн қыздырып сабағын,
Құрметтеп күн жарығын,
Бағушы еді қабағын.

Берген сертке Гүл берік,
Достыққа не жетеді?!
Бұлттар келіп, су беріп,
Шөлін басып кетеді.

Бірін — бірі қимайды,
Гүл жұпарын арнайды.
Күнде көрсе Бидайды,
Қиял көкке самғайды.
Сайрайды кеп жыршы құс
Әнге бөлеп маңайды,
Арайланып күншығыс,
Алтын сәуле тарайды.
...Кетті күндер жосылып,

Атты бірде жаңа таң.
Гүл мен Бидай қосылып,
Жайды Күнге алақан.

Ойда жоқта сол мезет
Есітті оқыс бір үнді.
Бір жүргінші жолға кеп,
Етпетінен жығылды.

Қалды ма екен әл бітіп?!
Екі құрбы таяды.
Жатыр жерде шаң жұтып,
Салдырап қол – аяғы.

Таусылар ма өмірі,
Кімнен көрер шапағат?!
Тілім – тілім еріні
Кеткен құрғап, қаталап.

Мұны көрген Гүл келіп,
Әлгі адамға илді,
Жұпар сеуіп, дем беріп:
“Тұра ғой!” – деп қиылды.

Қозғалғанын адамның
Көріп бидай нұрланды
Сосын оның аузына –
Салды қызыл бір дәнді.

Қорек болды өзекке
Бір түйір дән бұйырған.
Көзін ашты мезетте
Келген адам қиырдан...

Гүл осылай даламның
Пәк мінезін танытты.
Ал түйір дән адамның
Жанын сақтап қалыпты.

Екі құрбы, тегінде,
Болды өмірге араша.
Бүгін менің жерімде
Гүл өсіп тұр тамаша!

Іші – бауырым елжіреп,
Өтем Гүлдің тұсынан,
“Абзал досым келді”, – деп,
Қызыл гүлді ұсынам.

Басымды иіп әрдайым
Өтем егін тұсынан,
Мейман келсе, арнайы
Нан мен тұзды ұсынам.

Жақсылықты ән қылып,
Дән өсірген елімде
Гүл мен Бидай мәңгілік
Қоныс тепті жерімде.

Гүлдер, гүлдер...
Көп қандай?!
Көздің жауын алады.
Жүрек қатты соққандай,
Қиял самғап барады.
Төгілсін ақ бауырсақ
Достың адал жанындай
Гүлім болса – көңіл шат,
Егін болса – Елім бай.

ШОПАН АТА ЖӘНЕ ДИҚАН БАБА

Ерте, ерте, ерте еді,
Ешкі жүні бөрте еді...
Екі жігіт туралы
Атам аңыз шертеді.
Серік қылып үмітті
Екеуі бір жүріпті.
Ынтымақта, достықта
Тату өмір сүріпті.

Шарлап жердің алысын,
Аулап түздің тағысын,
Күн кешіпті екеуі
Бала – шаға қамы үшін.
Алыс кетсе, сағынар,
Аңсап күтер жары бар.
Ер жігіттер кешіксе,
Қапаланып, қамығар.

Бір – біріне сенгелі
Аш құрсақ боп көрмеді,
Киім тігу,
Ас қамы
Екі әйелдің ермегі.

Нұр жайнаған реңі
Гүлге құмар біреуі.
Жан – жануар үстінде
Біреуінің тілеуі.
Ұзақ күтіп ерлерін,
Бағалайды еңбегін.
Ұнатады олардың
Олжа тауып келгенін.

Үйге келсе мақтайды,
Алдында әдеп сақтайды.
Жібермеуге алысқа
Бірақ амал таппайды.

Талай кешті батырды,
Талай таңды атырды,
Ойлап – ойлап,
Бір күні
Тапты әйелдер ақылды:

– Шарлап жүріп қиырды,
Көрмей кеттің үйінді.
Тауешкі мен арқарды
Ұстап бер! –
деп қиылды.

Жігіттер де айлалы,
Қаруларын сайлады.
Орды қазып,
Андарды
Қиқу салып айдады.

Сұраған соң өтініп,
Іске бекем бекініп,
Ұстады ерлер арқарды
Жүрген тасқа секіріп.

Жануарлар не түрлі
Қолға үйреніп,
жетілді.
Жас төл өсіп жыл сайын
Аула ішінде секірді.

Аңшы жігіт ардақты
Таяқ ұстап,
мал бақты.

Оның ата кәсібін
Келер ұрпақ жалғапты.

Қалмай құрбы — қатардан
Арманы алға апарған...
Содан бері бабамыз
“Шопан ата” атанған.

Екінші әйел тілегі
Құрбысымен бір еді,
Күйеуінен өтініп,
Жалғыз тілек тіледі.

— Шарлап жүріп қиырды,
Көрмей кеттің үйінді.
Гүл мен шөптің сан түрін
Тауып бер! —
деп қиылды.

Ер жігіт те ибалы
Әйел затын сыйлады.
Алуан шөптің дәні мен
Тамырларын жинады.

Ал әйелі әдепті
Жүрген жерін сән етті.
Гүл өсірді жайнатып,

ТОПЫРАҚҚА ДӘН ЕКТІ.

Дән де пісіп—толысты,
Ізгі тілек тоғысты.
Молшылыққа бөледі
Берекелі қоңысты.

Аңшы жігіт салмақты
Содан аңға бармапты.
Қалған барлық өмірін
Дән егуге арнапты.

Қалмай құрбы — қатардан,
Арманы алға апарған.
Содан бері бабамыз
“Диқан баба” атанған.

“Түлік төлден өседі”,
“Астық дәннен өседі”, —
Деген мәтел кешегі
Содан қалған деседі.

ИТ ПЕН ҚАСҚЫР

Ерте, ерте, ертеде,
Ешкі жүні бөртеде,
Ит пен Қасқыр дос бопты
Біздің байтақ өлкеде.

Айбындары зор тіпті,
Екеуі бір жортыпты.
Қос жыртқыштан даланың
Барлық аңы қорқыпты.

Иттің сұрқы жаман — ақ,
Кең өлкені аралап,
Көзге қара шалынса,
Үреді екен абалап.

Қасқыр қуып құланды,
Мертіктіріп бұланды,
Мойнын үзіп керіктің,
Құтқармапты бір аңды.
Қырса да аңды жағалай,

Демеуші еді: “Обал – ай!”
Таңнан тиіп тісі етке,
Болды Қасқыр қомағай.

Күнде кезіп даланы,
Ашылды әбден араны.
Көзге түскен хайуанды
Алып соғып, талады.

Көрмей ешбір тыйымды,
Шарлады бар қиырды.
Аңның етін Қасқыр жеп,
Сүйегі Итке бұйырды.

Бұтарланып бас, аяқ,
Жемтік болды қосаяқ,
Борсық, суыр – бәр – бәрін
Көрмеген қос дос аяп.

Талдырмастан өзекті,
Күндер солай тез өтті.
Екі жыртқыш бір күні
Ұстап апты көжекті.

Сонда Ит тұрып сөйлейді,
“Болар талай той”, – дейді.
“Еті де жоқ байғұс қой,

БОСАТАЙЫҚ, ҚОЙ! – ДЕЙДІ.

Оған Қасқыр көнбейді,
Досын сөгіп, жерлейді:
“Тым ақ жүрек екенсің,
Аш қаларсың сен”, – дейді.
Ойлаған соң қарынды,
Ит те сөзден жаңылды.

Кезектегі көжек те
Құрбандыққа шалынды,

Шарлап жақын, алысты,
Ой мен қырға барысты.
Ұшқан құстан басқасын
Түгелдей жеп тауысты.

Қарындары шұрылдап,
Өкпелері сырылдап,
Жатты бірі қыңсылап,
Жатты бірі ырылдап.

Тіске басып алманы,
Бір — ақ қылғып жалмады.
Жесе де алмұрт, өрікті,
Жұмырға жұқ болмады

Жеміс — жидек көп дейді,
Дәмі ауыздан кетпейді.
Бірақ қарын толмайды,
Етке бірі жетпейді.

Барды екеуі шөлге де,
Барды екеуі көлге де.
Құрт — құмырсқа тамаққа
Татымы жоқ бірдеңе.

Шоршып көлдің шабағы,
Көздің жауын алады.
Бірақ бірі ұстатпай
Таусылды бар амалы.

Сілекейі шұбырып,
Сүйретіліп,

жығылып.
Жақын келіп ауылға,
Жатты сайда тығылып.

Жағасында бұлақтың,
Арасынан құрақтың
Маңыраған дауысын
Естіп қалды лақтың.

Ит пен Қасқыр жырынды
Сол дауысқа бұрылды.
Лақ байғұс жыртқыштың
Тырнағына ілінді.

Сонда Ит тұрып сөйлейді,
“Болар талай той!” – дейді.
“Обал болар жас төлге,
Босатайық, қой!” – дейді;

Оған Қасқыр көнбейді,
Досын сөгіп, жерлейді.
“Жемесең қой, қазір – ақ
Жайғастырам мен”, – дейді

Ойлаған соң қарынды,
Ит те сөзден жаңылды.
Ақыр түбі лақ та
Құрбандыққа шалынды.

Өстіп талай күн өтті,
Айлар өтті, жыл өтті.
Тіске басар талшық жоқ,
Қос дос әбден жүдепті.
Күндердің бір күнінде,
Қарағайдың түбінде,

Тал бесіктің ішінде,
Жатты сәби уілдеп.

Сонда Қасқыр сөйлейді,
Сөйлегенде бүй дейді:
“Не қылсақ та жөн, — дейді.
Бір тоялық, кел!” — дейді.

Жұмыс істеп анасы
Кеткен ұзап, шамасы.
Жатыр бесік ішінде
Адамзаттың баласы.

Ит шытынап көздері
Бұдан әрі төзбеді.
“Табанынды жалтырат
Осы арадан тез!” — деді.

— Серігім боп сен менің,
Не сұмдықты көрмедім.
Нәрестені жегенше,

АРТЫҚ АШТАН ӨЛГЕНІМ.

Қасқыр тісін қайрады,
Аң емес пе айлалы?!
Жанындағы досына
Енді қастық ойлады.
Күн еңкейді,
кеш кірді,
Итке Қасқыр сес қылды.
Қыр астынан кенеттен
Қалың дүбір естілді.
Ат тұяғы тақылдап,
Бірін — бірі тақымдап,

Салт ат мінген адамдар
Келе жатты жақындап.

Қасқыр қасқыр болғасын,
Тастай қашты жолдасын.
Әбден шаршап, болдырған
Ит байғұсқа ол да сын.

Ырғай мойны салбырап,
Селдір жүні жалбырап,
Мойынсұнып ажалға,
Жата кетті қалжырап.

Бұл не?
Өң бе, елес пе?!
Қоршаған жау емес пе?!
Содан кейін не болып,
Не қойғаны жоқ есте.

Келіп жеткен топ адам
Назар салып қараған:
“Осы емес пе қаскүнем
Қырда қойды талаған.

Белгілі жай әр үйге,
Ит қауіпті, әрине,
Бесіктегі бірақ ол
Тимепті ғой сәбиге?...”
Келгендердің көсемі,
Топтан озған шешені,
Елге мәлім кешегі
Ақылы мол кісі еді.

“Дос боп кету кісімен
Қиын оған, түсінем!
Бірақ, зұлым қасқырдың
Біледі ғой ісін ел.

Бағып мұны көрелік,
Асын тауып берелік!” –
Ел ағасы осылай
Айтты сонда төрелік.

...Көзін ашса бұл “батыр”,
Сүйек – саяқ мол жатыр.
Көже – қатық құйылған
Ағаш ыдыс алда тұр.

Асын ішіп, жайланып,
Аузы, мұрты майланып,
“Тағдыр қалай болар?” – деп,
Отырды Итің ойланып.

...Жылжып талай өтті жыл,
Сырттан еді текті бір.
Адал көңіл адамның
Серігі боп кетті бұл.

Асыр салған жасынан
Балалар да қасынан
Шықпай қойды,
Батылы
Сипады оны басынан.
Көріп Адам пейілін,
Досқа деген мейірін,
Ықыласы оянып,
Құты болды үйінің.

Содан бері Адаммен
Ит мәңгілік дос болған.
Қасқыр сынды араммен
Бітіспейтін өш болған.

ӘН

Ән дегенің әу бастан
Көкті кезіп ұшыпты.
Жалықтырып көк аспан,
Бірде жерге түсіпті.

Жарысыпты желменен,
Ән шырқапты талмастан.
Көше берген ел деген
Оған назар салмастан.

Ән шығармай дауысын,
Әрі қарай кетеді.
Аралайды тау ішін,
Шөл далаға жетеді.

Жан жоқ оны байқаған,
Ел шаруасы көп әлі.
Ән өкпелеп қайтадан,
Кетті самғап жоғары.

Қалғаннан соң көңілі,
Әрі қарай кетеді.
Құлазыған өңірі
Талай жерден өтеді.
Тың даладан шалқыған
Көрді кенет егінді.
Қорғасындай балқыған
Көмейден ән төгілді.

Көзі шалды және де
Қырдағы төрт түлікті.
Әсем әуен әуелеп,
Тербей берді үмітті.

Қуанып шал, бала да,
Әнмен шалқып, қыр асты.
Еңбек күйі далада
Ғажап әнге ұласты.

Бүгін тынбай айтам ән,
Жылда егінім піседі.
Сол бір шақта қайтадан
Әнім шалқи түседі.

Бүгін менің жеріме
Түспес бұлттан көлеңке.
Жайнап өскен еліме
Мәңгі қонақ Ән — ерке!

ЖЫЛ БАСЫ – НАУРЫЗ

НАУРЫЗ ТОЙЫ

(мектеп пен бала бақша сахнасына)

Қатысушылар:

Жүргізуші

Жаңа жыл

Ескі жыл

Қыдыр ата

Мыстан кемпір

Алдар көсе

Лақ

Қозы

Жүргізуші:

Ескі жыл, атағың жаңғырған,
Өтіп сен келіпсің бар қырдан.
Жасырмай айтшы тек, балалар
Болды ма көңіліңді қалдырған?

Ескі жыл:

Жауапты берейін не деп мен,
Олардың көбіне жоқ өкпем.
Үш жүз алпыс бес күнімді
Өткізгем жоқ босқа, демек, мен.

Бірнеше бала кіреді.

1 – ш і бала:

Тоз—тоз болып кітап көп,
Күнделігім жыртылған.
Бірақ онда шаруам жоқ,
Күліп жүрмін мұртымнан.

2 – ш і бала:

“Әліппені” ашсам да,
Көрмей тұрмын әріпті,
Есінеймін еріксіз,
Үйқым қанбай қалыпты.

3 – ш і бала:

Оңай сабақ болғанда,
Тақтаға тез шығамын.
Қиын сабақ болғанда,
Партаға мен бұғамын.

4 – ш і бала:

Өз дегенін істейтін
Балалардың бірімін.

Алдымдағы бір қыздың
Тартып қалдым бұрымын.

5 – ші бала:

Ойын болса, сапырып,
Қызық дәурен кешемін.
Көшіремін қатырып,
Шықпай қойса есебім.

Ескі жыл:

Жыл бойы көп көріп келем мен,
Мұндайлар болды ғой, дегенмен,
Олар да қатесін түсінер,
Санатқа қосылар, сенем мен.

Хор:

Аңсаған арманды табамыз,
Жақсы оқып, төрт пен бес аламыз.
Өшпейді қалдырған іздерің,
Ескі жыл, ризамыз саған біз

Бір бұрыштан жанына қара қарғаны
ертіп Мыстан кемпір кіреді.

Қарға:

Көктем жылдам жетіпті,
Қар да еріп кетіпті.
Мыстан шеше, кел мұнда,
Қарқ, қарқ, қарқ, қарқ!
Жаңа жылды болдырма,
Сағат тілін тарт, тарт!

Мыстан:

Күшімді сынайын,
Бір кешке шыдайын.

Сендерге бұл жылды
Келместей қылайын.

Мыстан балалардың көзін ала бере
сағат тілін кері бұрап қояды. Екінші
бұрыштан Қозы, Лак, Қоян кіреді.
Қоян Мыстанның әрекетін байқап
қалады.

Қозы:

Құтты болсын мереке!
Болсын думан, береке.

Лак:

Қалдық десек кешігіп,
Әлі уақыт көп екен.
Билеу үшін есіліп,
Жүр, келейік шешініп.

Қоян:

Тындашы, Лак, қу мыстан
Бүгін тағы бүлдірген.
Сағат тілін сол тұстан,
Кері бұрап үлгерген.

Қозы:

Енді қайттік, не істейміз?
Шақыртайық андарды!

Лак:

Жоқ, достарым, одан да
Алдырайық Алдарды.
Көп кешікпей Алдар келеді.

Қоян:

Алдар аға, армысың?

Қозы:

Алдар аға, бармысың?!

Лақ:

Сіз қайтарар деп едік,
Мыстан кемпір қарғысын.

Қозы:

Сізге айтайық деп едік
Балалардың алғысын.

Алдар:

Не боп қалды, достарым?
Басты қазір қосқаның.
Айтсаңдаршы анықтап,
Не бүлдірді қастарың?

Қоян:

Ал мен білсем, достарым,
Мыстан ойлап бас қамын,
Бұзбақ болып келіпті,
Наурыз — тойдың жоспарын.

Алдар:

Олай болса, жүріңдер,
Тамашаны көріңдер.
Не десем де, тек қана
Үнсіз құптай беріңдер.
Алдап — сулап мыстанды,
Бір жығайық дұшпанды.

Олар Мыстан кемпір күзетіп тұрған үлкен сағаттың қасына келеді.

Алдар:

Амансыз ба, шешетай?!

Мыстан:

Қайдан көрдім сені мен,
Келдің кімнің елінен?

Алдар:

Арып – ашып алыстан,
Өзінді іздеп келіп ем.
Құр қалмассың табыстан,
Бірге жүрсең менімен.

Мыстан:

Не дейді?!
Неге, қайда,
Емес пе мұның айла?

Алдар:

Ойбай, шеше,
Кеттік, айда!
Маған олжа,
Сізге пайда!

Алдар әндетеді:

Ат басындай алтыным бар,
Құдыққа оны көміп едім.
Бүгін ғана жолым түсіп,
Алмақ болып келіп едім.
Алуға аршып, жетпей күшім,
Сізден көмек болса деп ем.
Төмен түссем, арқан ұшын,
Ұстап біреу тұрса деп ем.
Қайтем оны жерге тығып,
Ал, шешетай, келісейік,
Бар алтыңды алып шығып,
Тепе – тең қып бөлісейік.

Мыстан:

Жүр, ендеше, сауабыңды алайын,
Арқан ұшын мен—ақ ұстап тұрайын.

Екеуі құдықтың қасына келеді.
Мыстан өзіне өзі күбірлейді:

Мыстан:

Ат басындай алтын дейді...
Оның бәрі менікі,
Құдық түбі салқын дейді,
Сол жер ғана сенікі.

Алдар ішін қос қолымен басады.

Алдар:

Ойбай, шеше!
Ішім бүріп барады,
Денем күйіп—жанады.
Қалай табам іш емін?
Қапелімде не болды,
Ауырмаған кісі едім.
Сазға қалай түсемін?

Мыстан:

Ауруға дауа жоқ,
Ара түсер шама жоқ,
Сенің шамаң келмесе,
Мен түсейін, ендеше.

Қарға:

Қарқ, қарқ, қарқ, қарқ!
Сенбе оның сөзіне.
Арқаныңды тарт, тарт,
Құм толтырар көзіңе.

Мыстан:

Ақымақ қарға, оттама,
Досты бекер даттама.
Өзім түсіп шығамын,
Алтынды алам тек қана.

Арқанды алып, төмен түсіп кетеді.
Алдар құдықтың қақпағын жылдам
жауып жібереді, сағат тілін Қоян
орнына келтіреді.

Жүргізуші:

Наурыз айы туғанда,
Жыл келеді бұл маңға
Не жетеді, достарым,
Ойын—сауық құрғанға.
Би билетіп, ән салған,
Ақша қарға тамсанған,
Жаңа жылды көп елде
Бізден бұрын қарсы алған.
Наурыз бізге болып сын,
Кержалқаулар торықсын.
Талапты мен іскерге
Қыдыр келіп жолықсын!

Оқушылар:

Қыдыр ата, Қыдыр ата келеді,
Қыдыр ата бізге бақыт береді!
Есіктен Қыдыр ата кіреді.

Қыдыр:

Армысыңдар, балалар?!

Балалар:

Қош келдіңіз, Қыдыр ата!

Алдар:

Төрлетіңіз, Қыдыр ата!

Қыдыр:

Балалар, күн жарқын алдағы,

Еліме еркіндік орнады.

Ал енді, қысылмай айтындар,

Кімдердің бар қандай арманы?!

1 – ші бала:

Арманы жоқ бар ма адам?!

Көктің жүзін шарлаған.

Ұшқыш болсам деймін мен,

Қыран құстай самғаған.

2 – ші бала:

Біздің асыл апайды,

Біздің абзал ағайды,

Жұрттың бәрі адамның

Ардақтысы санайды.

Айтқан сөзді ұғамын,

Ертең өсіп шығамын.

Ізгілікті себетін

Болсам деймін мұғалім.

Қыдыр:

Өзегі екен ұлы істің,

Балалардың арманы,

Бастауында күллі істің

Талап болса болғаны.

Балалар бір күй тартады.

Қыдыр:

Айналайын, қарағым,

Бәрекелді, жарадың!
Енді маған еліңнің
Айтып берші бір әнін.

Бала әдемі ән бастап,
оған жиналғандар тегіс қосылады.

Қыдыр:

Көп рахмет, алтыным,
Енді біраз ал тыным.
Өнеріңе байғазы,
Міне, саған тартуым.

Өнерлі балаға сыйлық ұсынады.

Қыдыр:

Біздің халық өнерпазға бай, тегі,
Әнші деп те, күйші деп те айт оны,
Талаптарың таудай екен, ал енді,
Жақсылап бір билесеңдер қайтеді?

Көңілді әуен ойналып, би басталады.

Хор:

Кіршіксіз көгілдір көгіміз,
Гүлдері құлпырған жеріміз,
Армысың, Наурызым, ансаған,
Қуанып қарсы алдық сені біз.
Адамдар ақ сүттей ар үшін,
Жігерін намысқа жанысын
Наурызда абырой биіктеп,
Қыдыр кеп халқыма дарысын!

Жүргізуші:

Тамаша күйлерін,

жыр—әнің,
Бізге де барлығың ұнадың.
Ал қазір сендерге қоятын,
Бар менің бірнеше сұрағым.

Балалар:

Айтыңыз,
ойланып көрейік,
Жауабын берейік!

Қызық та қиын сауалдарға жауап
қайтарған балаларға
сыйлықтар үлестіріледі.

Жүргізуші:

Жауаптарың әдемі,
Зейін қойып тындадым!

Қыдыр:

Жарайсыңдар, ұлдарым!
Жарайсыңдар, қыздарым!
Өздеріңе қоятын
Менің де бар жұмбағым.

Балалар:

Айтыңызшы, шешейік,
“Жұмбақ шештік!” десейік.

Жүргізуші:

Шеше алмаса балалар,
Біз де көмектесейік.

Қыдыр:

Бір кісінің он екі баласы бар,
Ішінде ақ, сарысы, қарасы бар,
Әр баласы сапарға шыққан сайын,

Отыз шақты нөкерін ала шығар.
Кім біледі бұлардың кім екенін,
Көне, қайсың шешуін табасындар?!

1 – ші бала:

Қиын екен жұмбағы.

2 – ші бала:

Терең екен сырлары.

3 – ші бала:

Ойлап–ойлап таппадым,
Шеше алмадым мен–дағы.

Жүргізуші:

Балалар, кісі деген жыл емес пе,
Он екі ай оның қыз бен ұлы емес пе?!
Отыз нөкер отыз күн бір айдағы,
Осылайша шешкенім жөн емес пе?!

Дауыстар:

Дұрыс, дұрыс!!!

Тағы да жұмбақтар, жаңылтпаштар
айтылады.

Алдар:

Ей, балалар, балалар,
Енді маған қараңдар!
Наурыз тойын тойлайық,
Қызық ойын ойнайық.
Түрлі ойындар ойналады.

Хор:

Бақытты бал дәурен күніміз,
Шарықтап барады үніміз.
Тәуелсіз, ерікті ел болдық,
Сүйікті Отанның гүліміз.
Алтын Күн төгеді шапағын,
Шырқаймыз өмірдің шат әнін.
Мың алғыс өзіңе,
туған ел,
Мың алғыс өзіңе,
Отаным!

Қыдыр:

Жасай берсін жаңа күн!

Жаңа жыл:

Туа берсін жаңа жыр!

Жүргізуші:

Дүр сілкінсін дала бір,
Құтты болсын Жаңа жыл!!!

Хор:

Құтты болсын Наурыз — той,
Құтты болсын Жаңа жыл!!!

Кел, Наурыз!

“жылқы жылғы салтанат”

Жүргізуші:

Қара жер жібіп, егіліп,
Шуақтан суық жеңіліп.
Қыс бойы жатқан қардың да
Көбесі кетті сөгіліп.

Мерейі тасып тіліміз,
Естілді елге үніміз.

Толықсып туды айымыз,
Жарқырап шықты күніміз.

Қыз:

Табиғат тауып келісім,
Жүректің мұзы ерісін.
Қуаныш кернеп ел ішін,
Тойласын жұртым жеңісін.

Жігіт:

Жайнаған жомарт Наурызда
Тасиды бойда қан қызба.
Жақсылық жаса жалғызға,
Жүйрікке қамшы салғызба.

Қыз:

Көріне қалса көзге мін,
Көрсетпей шұқып, төзбегін.
Жақсыны шалма аяқтан,
Аттама жібін өзгенің.

Жүргізуші:

Наурыз тойы басталсын,
Ызғар бізден жасқансын.
Қуаныштан қарияның
Жанарынан жас тамсын.

Дауыстар:

Жылдың басы бұл Наурыз,
Кел, төрге шық, гүл – Наурыз!

Жұлдыз санаушы:

Қаз жайлауын саз деймін,
Наурыздан соң жаз деймін.
Жылқы жылын сүймейтін
Жан бұл жерде аз деймін.

Қараңыздар, жарандар!
Күлдір – күлдір кісінетіп,
Жылқы жылы келеді.
Адам болса жығылған
Жалын төсей біледі.

Жылқы жылы – жылы жыл,
Жылқы жылы – ұлы жыл.
Мол болар деп ас пен ақ,
Ай мен Күнім күліп жүр

“Жыл атауларына байланысты оның
қадір – қасиетін сөз қылған шумақтар
да өзгертіледі”

Екі бұрыштан Ай мен Күн шығады.

Жұлдыз санаушы:

Күндіз бар да, түнде жоқ,
Түнде бар да, күндіз жоқ.
Ал екеуі болмаса,
Тіршілігің мүлде жоқ.

Ай:

Толған айдай ақ жүзім,
Күннен ғана қысылам.
Ол келгенде мен кетіп,
Мен келгенде ол кетіп,
Дөңгеленіп жүрміз біз
Жұмыр жердің тұсынан.
Күннің нұры елжіретіп,
Сары майдай ерітер деп қорқамын.

Күн:

Көктем, жаз, күз, қыс деумен,
Ай – аруды іздеумен,

Таң атқаннан кешке дейін
жортамын.
Көкте жұлдыз көп дейді,
Ешқайсысы шалынбайды көзіме.
Шіркін!
Айға бір жолығып үлгірсем,
Нұрлы жүзін бір көрсем,
Не жетеді оның сырлы сөзіне ?!
Мен қусам да жеткізбейді, ол, бірақ,
Қашады да жүреді.

Ай:
Не себептен ?
Оны өзі біледі.

Жұлдыз санаушы:
Күн менен Түн теңескен,
Ай менен күн кеңескен,
Бақытты күн бұл Наурыз!
Ренішті қойындар,
Тату – тәтті болы“дар,
Құтты болсын бұл Наурыз!

Күн:
Самарқанттың көк тасын
Еріткелі келгенмін,
Тоң боп қатқан топырақты
Жібіткелі келгенмін,
Екі ененің баласын
Теліткелі келгенмін, —
Өрісі жоқ тар жерді
Ке“іткелі келгенмін.
Толықсыған Ай — ару,
Серігім бол ғұмырлық,
Тілегімді бер менің!

Ай:

Неткен ыстық Күн көзі,
Неткен ғажап Күн сөзі ?!
Ағаш біткен көгерсін,
Жасыл шалғын көктесін.
Ғашықтарға нұр беріп,
Біз шарлайық көк төсін.
Наурыз күні келген бақ,
Қалың елдің ырысы
Босағаңнан тепкілесе кетпесін!

Жұлдыз санаушы:

Қос жанары аспанның,
Қос арқауы дастанның,
Мына тұрған Ай мен күн.
Арта берсін, халайық,
Берекелі байлығың.
Наурыз күні құтты қонақ көбейсін,
Тойларыңыз құтты болсын,
Сиырларыңыз сүтті болсын!
Бар әлемге жар салайық!
Көнеки, қонақтарды қарсы алайық!

Қонақтар кіреді.

Жұлдыз санаушы:

Көзден таса қылмайық
Көп қызықты“ ешбірін,
Ал, ендеше, қарайық
Бесікке бөлеу дәстүрін.
Бала көтерген ана шығады, ол сәбиді
бесікке салып, бесік жырын айтады:
Әлди — әлди, ақ бөпем,
Ақ бесікке жат, бөпем!
Астыңа терлік салайын,
Үстіңе тоқым жабайын,
Тойға кеткен әкенді

Қайдан іздеп табайын ?!
Жылама, балам, жылама,
Ата — ананды қинама!

Жігіт:

Несібе болсын көл — көсір,
Көне, шашу шашайық.
Шертіп бүгін елге сыр,
Батыл қадам басайық.

“шашу шашылады”

Қыз:

Қыз — жігіттер жайнап тұр,
Өнерлерін сайлап тұр.
Біздің қара шаңырақтың құты ғой,
Қасиетті қара қазан қайнап тұр.

Жігіт:

Ойлаған жандар атасын
Көжеден дәм де татасың.
Тілейік қабыл болсын деп
Ақсақалдардың батасы.

Дауыстар:

Бата, бата,
Бата беріңіз, ата!

Ақсақал:

Әуелі Алла — күдірет,
Қасиетті Мұхамбет,
Түркістанда Қожахмет,
Не тілесе, тілектерін қабыл ет!
Дастархан кең болсын,
Төрт құбыламыз тең болсын,

Берекелі ел болсын.
Жас ұрпақ өмірлі,
Жаңа тұрмыс көңілді болсын!
Әумин!

“Наурыз көже таратылып,
жиналғандар астан ауыз тиеді.”

Жүргізуші:

Бесік жырын айтатын
Аналардан айналдық,
Ана сүтін ақтайтын
Балалардан айналдық.
Наурыз деген жыл сайын
Бір айналып келер — ді,
Тағы қандай салт — дәстүр бар
Көрсетіндер өнерді.

Жұлдыз санаушы:

Айналайын баладан,
Тауып алған даладан,
Қаз — қаз — қаз — қаз басайық,
Тұсау кесер жасайық.
Ортаға аяғын апыл — тапыл сасқан
бала жетелеген әже шығады.

Әже:

Тәй — тәй, балам, тәй, балам,
Жүре қойшы жай, балам!
Күрмеуінді шешейін,
Тұсауыңды кесейін.
Қаз — қаз, балам, қаз, балам,
Қадам бассаң, мәз болам!
Баланың тұсауын кеседі.

Дауыстар:

Нағыз өмір – анада,
Нағыз бақыт – балада.
Ортаға көп балалы ана шығады.

Ана:

Бір баласы бар жанның
Шығар да шықпас жаны бар,
Екі баласы бар жанның
Болар – болмас халі бар,
Үш баласы бар жанның
Мандайының бағы бар,
Төрт баласы бар жанның
Құйрық, бауыр, жалы бар,
Бес баласы бар жанның
Астында алтын тағы бар,
Шырақтарым, не айтайын,
Құдай өзі бергенін
Аямай – ақ табындар!

Жүргізуші:

Жаңа жыл десе,
Қаңтарды еске алдық,
Аяз Атаны көрмесек,
Шаруадан кеш қалдық.
Сөзіміз ұзарып,
Мұрнымыз қызарып жүрген күн болды.
Дәстүрдің оралғаны шын болды.
Көне, Қыдыр атаны қарсы алайық,
Барлығымыз қосылып ән салайық.

“Наурыз жыры айтылады. Қолында
аса таяғы бар Қыдыр ата кіреді.”

Қыдыр:

Ассалаумаһалейкүм, халайық!
Ырыстарың жатыр екен молайып.
Бүгін өзім көп үйлерге кіремін,
Ниеттеріңді білемін.
Наурызға қалай келдіңдер ?
Барлығын да өз көзіммен көремін.
Бойда ызғар қалмасын,
Әулие — әнбие қолдасын!
Көне, бері келіндер,
Менің соңымнан еріндер!

Ортаға от жағылып, жиналғандар сол
жерге келеді.

Дауыстар:

Алас, алас!
Пәледен қалас!
Наурыздың бағы жансын,
Қыс осында қалсын.
Суығы еріп кетсін,
Жылуы бізге жетсін!

Қыдыр:

Көгіме Күн өрлесін,
Төрт түлік мал төлдесін.
Қаймақ пен сүт көлдесін,
Біздің қазақ баласы
Намысты қолдан бермесін.
өлыс күні кәрі — жас
Құшақтасып көріскен.
Аруақтарын еске алып,
Бір — бірімен келіскен.
Өсе берсін балалар
Тай — құлындай тебіскен.

Жігіт:

Егер де жарыла алсақ ағынан біз,
Батасын ақсақалдың сағынғанбыз.
Жаңа күн, еркін заман туған шақта
Күтеміз жаңа сөзді қауымнан біз.

Қыз:

Жиналса ұлы тойға достар тағы,
Мол болсын қазағымның дастарханы.
Жастардың сыйлайтыны қарттар болса,
Қарттардың ойлайтыны — жастар қамы.

Жігіт:

Көгертіп еліміздің көсегесін,
Ерлерім табыстарын еселесін.
Жасқа жас, басымызға бас қосылып,
Сәбилер күліп — ойнап өсе берсін!

АЯЗ ШАЛ ЖӘНЕ ҚЫДЫР АТА “АЙТЫС НАУРЫЗДА ӨТЕДІ”

Аяз:

Қабағыма қар қатып,
Кірпігіме мұз қатып,
Қатал қыстың әмірін
Жүрмін жұртқа тындатып.
Малың ықса қоранда,
Төлің өлсе қоранда,
Ол да менің ашуым,
Ерегескен оңар ма ?!

Айтшы, кімнің күші кем ?
Суық сөздің сұсы мен.

Бұлақ суын қатырдым
Таяғымның ұшымен.

Қыдыр:

Жерді көріп тебірендім,
Елді көріп емірендім.
Суытушы сен болсаң,
Жылытқалы мен келдім.
Сен отырсаң күрсініп,
Менің қаным — тіршілік
Сен шыршаны қиғызсаң,
Мен еккізем бір шыбық.
Тау суындай тасамын,
Бұлақ көзін ашамын.
Ақ ниетті адамға
Жақсылықты тосамын.

Аяз:

Әр сөзімнің мәні бар,
Қалаулы айым — январь.
Он кессең де жыланның
Кесірткелік әлі бар.
Мені бәрі таниды,
Аралаймын әр үйді.
Жылда сыйлық әкеліп,
Қуантамын сәбиді.

Қыдыр:

Аяз, сөзің ызғарлы,
Алып кепсің мұз — қарды.
Қалтыраттың деміңмен
Алдар менен қыздарды.
Сыйласаң да сәбиді,
Емес ісің бәрі игі.

Аязыңмен үскірік
Жайлап апсың бар үйді.

Аяз:

Сөз түсінсең, расында,
Менсіз піспес асың да.
Еске алады мені жұрт
Жаңа жылдың басында.
Араласаң ел ішін,
Тост көтеріп мен үшін,
Тойлайды жұрт шынында
Аяз ата жеңісін.

Қыдыр:

Біреу тонып секіріп,
Біреу тойып, кекіріп.
Алдында арақ тұрған соң
Мақтар сені өтірік.

Аяз:

Бала да, жас, кәрі де,
Мені сыйлар әлі де.
Сескенбейтін жан болса,
Ұшырайды кәріме.

Қыдыр:

Мен шығыппын Шығыстан,
Сен келіпсің Батыстан.
Күндер болды ұғысқан,
Күндер болды қатысқан.
Қарың суға айналды,
Мұзың буға айналды.
Барлық сұсың ақыры
Сескенсең де жай қалды.

Аяз:

Мен суықтың ұлымын,
Қаталдықтың пірімін.
Сенің жылы сөзіңнен
Босап кетті — ау буыным.

Қыдыр:

Аяз, бауырым, өжетсің,
Мейлі, күнің тез өтсін.
Он екі айда бір келер
Мезгілге сен қажетсі“.

Аяз:

Сен де өмірге керексің,
Өзгелерден ерексің.
Алма — кезек кеп тұрсақ,
Татулыққа не жетсін ?!

ӘЛІППЕДЕГІ ӘРІПТЕР

ӘРІПТЕР ЕЛІНДЕ

Әліппемде әдемі
Әріптерім бар еді.
Қырық екі дос — жаран,
Бірін бірі қоштаған.
“Барар жерім бір!” дейді,
Бөлек өмір сүрмейді.
Осы әріптер әдемі
Маған дос боп келеді.

А

Басымыз түйісіп,
Алыстық қолды біз.

Әріптер еліне
Бастаймыз жолды біз.

Ә

“Ә”—нің шеті кетіліпті байқаусыз,
Ә, ендеше, әзіл — оспақ айтарсыз.

Б

Кішкентай “о” бірде
“Г” —ге дөңгелеп келді.
Тілін тауып мүлде
“Б” болып қалды енді.

В

Сөздердің ішінде күн кешіп,
1 мен 3 келеді бірлесіп.

Г

Ежелден елге өтімді,
Е“кейген бала секілді.

Ғ

Белораққа ұқсайды,
Көне, кімдер ұстайды ?!

Д

Орындық үстіне шығып,
“Л” —дің көңілі толды.
Ыңғайлы екенін ұғып,
“Д” әрпі болды.

Е

“Ш” әріптің бәрінен
Мықтылығын ұқтырды.
Тыныш жатқан жерінен
Аударылып, тік тұрды.

Ә

Ғажап болды — ау, ой, мынау,
Енді несін сасамын ?
Екі нүкте қойдым да,
Жаңа әріпті жасадым.

Ж

Бір — біріне тіреген жон арқасын,
Екі “К” —ні көруге құмартасың.

З

Салуға жаңа әріп суретін
Отыр ем ерініп.
Тышқандар “8” —дің бір шетін
Кетіпті кеміріп.

И

“Н” әрпінің ортадағы ағашы
Сөл қисайып кеткен білем, қарашы.

Й

Жаңа ойына түсті ме,
Халық қате айта ма ?!
“И” —дің тура үстінде
Жарқырайды Ай — таға.

К

Тынысын алып тұр
“1” —ге “С” сүйеніп.
“К” деген әріп бұл,
Көңілге түйелік.

Қ

Бұл әріп жортады
Алысқа жол алып.

Қалады арқаны
Аяққа оралып.

Л

Көргенде баста
Деп қалдым: “Қос па ?”

М

Қос өркешін шөгіп жатқан түйенің
Еске салар осы әріпті сүйемін.

Н

Шығарған мұны кім,
Көз тастап өтелік.
“п” әрпі серігін
Барады көтеріп.

Ң

Арқалап жолдасын
Алысқа барыпты.
Аяққа сонда сым
Оралып қалыпты.

О

Ел қызығып қараған
Дөп — дөңгелек таба нан.

Ө

Тандана қарап “Ө” –ге,
Досым қызық көріп,
Деді: “О” –ны неге
Қойған екі бөліп ?

П

Па, шіркін!
Не деген

Қақпа еді тамаша ?!
Емес тым биік те,
Емес тым аласа.

Р

Шарт сынды да, семсердің
Сабы қалды қолымда.
Досың болсын “Р” сенің,
Атын қойдым оның да.

С

Сүттей жарық жаңа туған ай мынау,
Саф алтындай көз тойдырмай
қойдың — ау.

Т

Бар осындай құрал да,
Тұтқасы бар бұранда.

У

Жоғарғы жақ мызғымайтын
қос ағаш,
Төмен жағы сәл иілсе, босамас.

Ұ

Әріп болам деді ме екен данқты,
“Ұ” беліне белдік тағып алыпты.

Ү

Әріптердің бірі бұл да маңызды,
Бір ағаштың қос бұтағы тәрізді.

Ф

Қос бүйірін таянып
Тұрған “Ф” —ны аядым.

Х

Қос ағашты айқастырып,

Қайта – қайта қашадым.
Жел соққанда айналатын
Зырылдауық жасадым.

Һ

Бұл орындық әдемі,
Отырып көр әуелі.
Аударылып кетсе егер,
“4” болудан дәмелі.

Ц

Бұл өріпті қалай ғана тапқан ?
Аяғына ілініпті қақпан.
Аяқ асты жолықпаса қақпан,
“П” дер едім шалқасынан жатқан.

Ч

Байқамаған бұрын жұрт,
Төңкерілген орындық.
Таң қалсандар, беріндер
Болса кімде көрімдік.

Ш

Мықты өріп бұл – дағы,
Жүреді қысылмай.
Үш бірдей тармағы
Айырдың ұшындай.

Щ

Ауырлау ол неге ?
Қарадым кідіріп.
Айырға әлдене
Қалыпты ілініп.

Ъ

Мойны кеткен бұралып,
“В” әрпі ғой бұл анық.

Ы

Асырды да айласын
Жіңішкелік белгі,
Таяғының пайдасын
Кейін барып көрді.

І

Ілмиген “І” де
Өзінше батыр,
Басымен, өне,
Доп соғып жатыр.

Ь

Жоғалтып ап таяғын
Тұрған “Ы”—ны аядым.

Э

Ұқсамайды демесең,
Садағындай бабамны“.

Қаруына теңесем,
Таласады оған кім ?!

Ю

Білмей қойдым, кім екенін айыпты,
Бір ағашқа допты байлап қойыпты.

Я

“Р” теріс жүрген соң,
Күш түсіп аяққа,
Құларын білген соң
Сүйенді таяққа.

НАН

Диірменші Нысап қария
Бізді жақсы көреді.
Көкірегі бейне дария,
Әңгіме айтып береді.

Бүгін тағы ақсақалмен
Ажырамай іргеміз,
Диірменге қара жолмен
Бет түзедік бірге біз.

“О, пәтшағар!
Бұл не сұмдық?”
Бұлқан — талқан болды қарт,
Еңкейді де жерден іліп
Бір тілім нан алды қарт.

Шыққан сөзін жүрек жарып,
Етіп бізге жария,
Әлдекімге қатты налып,
Кейіп жатыр қария:

— Қалай ғана кешіресің,
Мұндай істі жақтырман.
Кім болды екен несібесін
Аяқ асты лақтырған?!

Адам деме ондай жанды,
Бір келер бұл алдына, —
Деді атамыз тілім нанды
Қалтасына салды да.

“Болған азық, талайға құт,
Алмастырсын нанды не?..” —
Деді де қария сәл ойланып,
Бастады бір әңгіме:

“Ертеректе дұшпан қолы
Жауламақ боп жерімді
Келе жатып,
Дөнге толы
Көрді алыстан өңірді.

Жаудың қолы аң — таң болып,
Тұрды сәл — пәл аялдап.
Жаудың жолын жүрген торып
Келді біреу аяндап.

Қаймықпайтын жаудан ол да,
Артық туған ер еді.
Жетеді де қалың қолға,
Келе сөйлей береді:

“Алдың теңіз, терең сонша,
Қолың қалай өтеді?
Өтем деген кісі болса,
Су түбіне кетеді”.

Жасыл егін жаз айында
Айдын дария секілді.
Беріліп жау уайымға,
Келгеніне өкінді.

Көкжиекте сағым ойнап,
Көзді арбайды алтындай.
Жап — жасыл боп тұрған жайнап,
Толқиды егін бір тынбай.

Мұны көрген жау жасағы
Жедел кеңес құрады.
Көп ойланбай аттың басын
Кейін қарай бұрады.

Бірақ күзде дұшпан қолы
Тағы бері беттейді.
Қайта тұғын болмай жолы,
Жасыл теңіз жоқ дейді.

Жасыл теңіз бұрын көрген
Сап — сары боп кетіпті.
Қолбасшысы мұны білген
Қап — қара боп түтікті.

Қалың әскер түгел қаптап
Төңірекке салды лаң.
Ат тұяғы жаншып — таптап,
Жер бетінде қалды дән.

Дәнді жиып, көзі қиып,
Суға әкеліп тастады.
Сол сәт бидай суда тұнып,
Қамыр бола бастайды.


Есірді жау одан арман,
Құртамын деп барлығын.
“Өртесін, — деп, — дәнді қалған!” —
Берді басшы жарлығын.

Қамырды да енді келіп,
Дұшпан отқа тастайды.
Сол сәт қамыр күреңітіп,
Нан боп пісе бастайды.

Бар жауынгер жақын барып,
Нанды аузына салады.
Хош иісі мұрын жарып,
Тілді үйіріп барады.

Дәннің сырын естіп – білген,
Дұшпан кері қайтады.
Суға түскен, отқа піскен
Нанды аңыз қып айтады.

Бес қаруы сайлы жауды
Солай жеңген осы нан.
Бидай еккен адамдарды
Көріпті артық досынан



МАЗМҰНЫ
Бірінші Бөлім
Өлеңдер

ӘДЕМІ	3
РАХМЕТ	4
КІМ АРДАҚТЫ?	4
ЫБЫРАЙ АТА	5
ҰСТАЗ	5
ӨМІР ӨЗЕГІ	6
МЕКТЕБІМ	6
ЖАҚСЫ КӨРЕМ	7
САРДАР МЕН САРБАЗ	7
ҚҰШТАРЛЫҚ	8
ТЫРНАЛАР	8
ДИҚАНДАР ОТАНЫ	9
ҰЛАНДАР ЖЫРЫ	10
ЖЕҢІС ЖАРҚЫЛЫ	10
БАТЫР БАБАМ	11
ЖЫЛ МЕЗГІЛДЕРІ	11
КӨКТЕМДЕ	12
ЖАЗДА	12
ҚЫСТА	12
КҮЗДЕ	13
ЖЫЛ ҚАЙЫРУ	13
ОН ЕКІ АЙҒА ТІЛЕК	13
ҚЫДЫР АТАНЫҢ БАТАСЫ	14
ҚАСИЕТ, ҚАСІРЕТ ЖӘНЕ ӨСИЕТ	15
АТТЫҢ ЖАЛЫН	15
ТАРТЫП МІНДІМ	15
ТЕКЕМЕТ	16
СЫРМАҚ	16
НАУРЫЗ	17
ӘЖЕМ	17
АНАШЫМ	17
ЖЕТІ МҮШЕЛ	18
БАУЫР ЕТІМ – БАЛА	19
“ӘЖЕ ӘЛДИІ”	19
БІР ҮЙДЕ БЕС БАЛАМЫЗ	19
ЖАУЫН	20
КӨЗ, ҚҰЛАҚ ЖӘНЕ ТІЛ	20
ҰСТА	21
ҰҚСАС СӨЗДЕР,	22
ТҮРЛІ ҰҒЫМДАР	22
“БАЛА МЕН ДАНАНЫҢ СӨЗ ҚАҒЫСУЫ”	22

САНДАР АУЫЛЫНДА	23
СОЗГЕ СҮЙЕНГЕН САНАМАҚ	26
ОН БЕЛЕС	28
“САНАМАҚ”	28
ШЫНАР ДЕЙТІН БІР ҚЫЗ БАР	30
ӘЗЕР ТАПТЫМ	30
БҮЛТТАР	31
САЗАН	32
КІМНЕН МҰНЫ ҮЙРЕНДІ?	32
АУЫЛДА	32
МҰЗ БЕН ТҰЗ	33
НЕГЕ ЖЫЛАЙДЫ?	33
КОЖЕК	33
КОМЕКШІ	34
БІЛМЕЙДІ	34
ШЫМЫР БОП ӨС, ШЫНАР!	35
НҮРКӨЖЕК	35
ИНЕ – ҚАСЫҚ	36
САҒЫЗ	36
ШЫДАМДЫ	36
ҚОНЖЫҚ	37
БІЛІНБЕЙДІ	37
ЕГЕС	37
АЙДАБОЛ	38
РАУШАН	38
АШЫҚАУЫЗ	38
ҰЯТ – АЙ!	39
ШОРАҒАЙ МЕН ҚЫЛАҒАЙ	39
ЖАҢҒЫРЫҚ	40
МАҚТАНШАҚ ТАУ	40
ОҚЖЕТПЕС	40
ҚЫЗЫЛ ҚОҢЫЗ	41
ЖЕЛАЯҚТАР	41
ХАНҚАМАУ	42
ҮЙЛЕСІМ	42
СОЗДЕН СӨЙЛЕМ ҚҰРА	43
(ОЙЫН – ӨЛЕҢ)	43
КІМ АЙТА АЛАДЫ?	45
КІСІ ЕСІМДЕРІ	45
(ІРКЕС – ТІРКЕС)	45
БІР ӘРІПТЕН БАСТАЛҒАН	46
ТАҒАМДАР МЕН ЖЕМІСТЕР	46
ТЕЛЕФОН ӘЛІППЕСІ	46
АЙТЫП – АЙТПАЙ НЕ КЕРЕК!?	47

(КӨНЕ АСПАПТАР МҰРАЖАЙЫНДА)	47
ОҚИФА	48
ҚОЛҚАНАТҚА ЖАРАЙМЫН	49
СҮР ЕТ	50
КІШКЕНТАЙ ӘМИНА	51
КЕНШІЛЕР ҚАЛАСЫ	51
КІМ МЫҚТЫ?	52
ТҮГЕЛ СӨЗДІҢ ТҮБІ БІР	52
ЖЕТІ АТА МЕН ЖЕТІ ҰРПАҚ	53
“ЗАУҚЫМ ЖОҚ”	53
ҚАҚ	54
КЕЛ, ДОСТАРЫМ, ОЙНАЙЫҚ!	55
ДӘРІГЕР	55
ЖЕБІР ҮЙРЕК	56
ҚАЙСЫСЫ ҚАЙДА ӨСЕДІ?	56
БҮРКІТ	57
КӨГЕРШІН	57
АҚҚУ	58
БҮЛБҮЛ	58
КЕКІЛІК	58
ҚАРҒАЛАР	59
ЖАРҒАНАТ	59
ШАҒАЛА	59
КӨКЕК	60
ҰЛАР	60
ҚҰСТАР ҚАЙТЫП КЕЛГЕНДЕ	60
БҮРКІТ ЖАСЫ	61
ХАЙУАНАТТАР БАҒЫНДА	61
БАЛА МЕН СИЫР	62
НЕ ТӨТТІ?	63
ҚЫМЫЗ	63
БАЛҚАЙМАҚТЫ ШАЙҚАЙЫҚ!	63
КЕСІР ЕСЕК	64
ОТ ПЕН СУ	64
СУ МЕН БУ	65
ҚОҢЫРАУЛЫ САҒАТ	65
ДҮРДАРАЗ	65
ҮЙКҮШІК	66
КҮМІС КӨЛ	66
ТАҢ	67
ТҮС	67
КЕШ	67
ТҮН	67
ТОЛҒАН АЙ	68

ТУҒАН АЙ.....	68
ДАУЫЛ.....	68
ҚҰЙЫН.....	68
ЖАҢБЫР.....	68
БОРАН.....	69
АЯЗ.....	69
НӨСЕР.....	69
СЕҢ.....	69
КҮН КҮРКІРІ.....	69
КЕМПІРҚОСАҚ.....	70
НАУРЫЗЫМ ҚОРЫҒЫНДА.....	70
БОРСЫҚ – ОРМАН БАҒБАНЫ.....	71
БАЛЫҚ НЕГЕ ҮНДЕМЕЙДІ?.....	71
ҚАЙЫҚТА.....	72
БОЛДЫҚ БІЗДЕР АЗАМАТ.....	72
ЖАҢҒАҚТЫҢ ӘЛЕМІ.....	73
ОКІНІШ.....	73
ҚАЗІРБЕК.....	74
ӨЗІМШІЛ.....	74
АСАН.....	75
БАЛЫҚ АУЛАЙ БАРҒАНДА.....	75
БАЛКОН.....	76
ОНЫҢ АТЫН КІМ ДЕЙМІЗ?.....	76
ТҮРЛІ – ТҮРЛІ БАЛА БАР.....	77

Екінші бөлім

Жұмбақтар мен жаңылтпаштар

ЖҰМБАҚТАР.....	78
АЛФАВИТТІК ЖҰМБАҚТАР.....	81
БЕС АТАУ.....	82
ОЙЛАН, ТАП!.....	82
ОЛЕҢ ЕСЕП.....	83
АДАСҚАН ӘРІПТЕР.....	83
АДАСҚАН СӨЗДЕР.....	84
ҮЙҚАСЫН ТАП!.....	85
ДҰРЫС ОҚЫ.....	87
ЖҰМБАҚ ӘРІПТЕР.....	87
ЖАҢЫЛТПАШТАР.....	88

Үшінші бөлім
Ертегілер мен аңыздар

ГҮЛ МЕН БИДАЙ	89
ШОПАН АТА ЖӘНЕ ДИҚАН БАБА	92
ТОПЫРАҚҚА ДӘН ЕКТІ.	94
ИТ ПЕН ҚАСҚЫР	95
БОСАТАЙЫҚ, ҚОЙ! – ДЕЙДІ.	96
АРТЫҚ АШТАН ӨЛГЕНІМ.	99
ӘН	102
ЖЫЛ БАСЫ – НАУРЫЗ	104
АЯЗ ШАЛ ЖӘНЕ ҚЫДЫР АТА	125
“АЙТЫС НАУРЫЗДА ӨТЕДІ”	125
ӘЛІППЕДЕГІ ӘРІПТЕР	128
НАН	135

ӘДЕМІ

(қазақ тілінде)

Баспа директоры *Ш. Байкенова*

Бас кеңесші *О. Асқар*

Редакторы *А. Сыздық*

Суретшісі *М. Гюнтер.*

Көркемдеуші редакторы *Ш. Байкенова*

Техникалық редакторы *В. Логинов*

Компьютерде беттеген – дизайнер *Б. Еженов*

ИБ № 34

Теруге 10.09.2004 жіберілді. Басуға 10. 06.2005 қол
қойылды. Пішімі 75×90^{1/32}. Қағазы офсеттік. Қаріп
түрі “Times/kazakh”. Басылымы офсеттік. Есептік баспа
табасы 2000. Тапсырыс № 2186.

“Бал” тапсырыс орталығы, 433000, Алматы қаласы,
23-57

Тапсырыс берушінің файлдарынан
Қазақстан Республикасы «Атамұра корпорациясы»
ЖШС-нің Полиграфкомбинатында басылды.
050002, Алматы қаласы, М. Мақатаев көшесі, 41.

ББК 84 қаз 7

Ш-31

ISBN 9965-650-38-1



9 789965 650383

Ақылбек Шаяхмет

Әдемі

ББК 84 қаз 7

Алматы: Балалар әдебиеті, 2005.—



Ш 470225020
00(05)-05

ISBN 9965-650-38-1